

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		57 беттің 1 беті

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәні: Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер

Пән коды: KEEGB 1102

ББ атауы және шифры: 6В10116 – Педиатрия»

Оқу сағаттары/кредиттер көлемі: 150/5кр

Оқу курсы мен семестрі: 1/2

Дәріс көлемі: 10 сағат

Шымкент, 2024 жыл

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		57 беттің 2 беті

Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер» пәнінің оқу жұмыс бағдарламасына (силлабусқа) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Кафедра меңгерушісі  Нуржанбаева Ж.О.
Хаттама №16 Күні: 04.06.2024

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 3 беті

№1 дәріс.

1. Тақырыбы: Ғылыми білім және оның қазіргі өркениеттегі рөлі. Ғылыми білімнің құрылымы.

2. Мақсаты: қазіргі қоғамдағы ғылыми білімнің мәні мен маңызын қарастыру, сонымен қатар ғылыми білімнің құрылымын талдау.

3. Дәріс тезистері

Жоспары:

1. Ғылыми білімнің ерекшелігі. Ғылыми білім деңгейлері. Ғылыми танымның формалары.
2. Ғылыми гипотеза. Ғылыми теория. Парадигма, дүниенің ғылыми бейнесі. Ғылымның функциялары.
3. Эмпирикалық білім. Теориялық білім.
4. Ғылыми танымның әдістері. Әдістеме түсінігі, әдістері, әдістемесі.
5. Жүйелік-құрылымдық көзқарас. Ғылыми танымның әдістерінің классификациясы.

6. Ғылыми зерттеулердегі нейрондық желілер және жасанды интеллект: тұжырымдамалар мен әдістер.

Ғылым дегеніміз не? Бұл сұраққа жауап берудің оңай еместігінің дәлелі ретінде оның қашан пайда болғандығы туралы пікірталастың әлі күнге толастамай отырғанын айтуға болады. Ғалымдардың бір тобы ғылым ежелгі дүниенің антикалық кезеңінде, яғни, осыдан 2,5 мың жыл бұрын пайда болды десе, енді бір ғалымдар нағыз ғылым тек Жаңа Дәуір кезеңінде, шамамен XVIII- ғасырда қалыптасты деген пікірді ұстанады. Мұндай пікірталастың себебі ғылымның күрделі және санқырлы құбылыс екендігінде. Ол бір жағынан алғанда білімдердің, теориялық қағидалар мен методтардың жүйесі, сонымен бірге қоғамдық сананың формасы, қоғамды дамудың рухани жемісі, қоғам дамуын басқару құралы, өндіргіш күш күрделі информациялық жүйе және т.б. Осы әр

түрлі салалардың мамандары ғылымға әр түрлі анықтамалар береді және олардың ешқайсысын да теріске шығаруға болмайды. Әртүрлі анықтамаларды қорыта келіп, ғылымның жалпы анықтамасын беретін болсақ, ғылым – табиғат, қоғам және адам туралы білімдер өндіруге бағытталған зерттеу қызметі саласы. Бұл анықтамадан ғылымның зерттеу пәні туралы түсінік алуға болады. Ғылым ең әуелі адамды қоршаған орта – табиғатты зерттеуге бағытталған қызметтің жемісі ретінде дүниеге келді. Бірте-бірте қоғам туралы ғылыми түсініктер жинақтау қажеттігі туындады. Бірақ ғылым процесіндегі басты тұлға, ғылымның басты субъектісі де, объектісі де – адамның өзі. Адамның қатысуынсыз ғылымның қалыптасуы мүмкін емес, сонымен бірге, адам өзін түсінуге, өз мүмкіндіктерін анықтауға, табиғат пен қоғамның ғана емес, өз болашағын болжауға көне заманнан бастап осы күнге дейін талпынып келеді

және бұл процесс адам жерт бетінде қанша өмір сүрсе, сонша жалғаса бермек. Ғылымның функциялары. Ғылым күрделі әлеуметтік функциялар атқарады. Бұл функциялар ғылымның өзінің дамуымен бірге үнемі өзгеріп, толықтырылып және ғылымның дамуына өзіндік осерін тигізіп отырады. Қазіргі ғылымның үш әлеуметтік функциясына топтастыруға болады:

- 1) мәдени-көзқарастық
- 2) өндіргіш күштер функциясы;
- 3) әлеуметтік күштер функциясы.

Ғылымның генезисі және негізгі даму кезеңдері. Ғылымның генезисі, қоғамдағы қызметі және дамуының қозғаушы күштері мәселесі бойынша интерналистік, экстерналистік және позитивистік концепциялар бар. Интернализм ғылымның пайда болуы мен дамуына

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 4 беті

философиялық ой тікелей әсер етті деп есептейді және қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси құрылымы мен сол қоғамның ғылымының арасында ешқандай байланыс болуы мүмкін емес деген пікірді ұстанып, ғылымның ішкі факторларын абсолютке айналдырады. Экстернализм бұл концепцияға қарсы. Оның өкілдерінің пікірі бойынша, ғылымға сыртқы факторлардың әсері мықты. Позитивизм; ғылым нақты, тәжірибеден өткен, дәлелденген фактілерге сүйене отырып дами алады, абстрактылық ойлау мен метафизикалық түсініктер ғылым үшін пайдасыз. Біздің ойымызша, ғылымның пайда болуына, эволюциясына, қоғамда атқаратын қызметіне жоғарыда аталған факторлардың бәрі де белгілі бір дәрежеде ықпалын тигізеді және ол әр дәуірде әр түрлі болуы мүмкін. Сондықтан оларды бір-біріне қарсы қойып, немесе бір-бірінен бөліп алып, белгілі бір факторларды абсолютке айналдыру дұрыс емес. Зерттеуші ғалымдар ғылымның даму кезеңдері туралы әр түрлі пікірлер айтады. Олардың бір тобы ғылым көне заманда қалыптасты десе, енді бір ғалымдар ғылым қоғамның ерекше саласы ретінде Жаңа Дәуірде пайда болды деп тұжырымдайды. Біздің пікірімізше, ғылымның даму кезеңдері туралы мейлінше дұрыс пікірді ұсынған қазіргі заманғы Ресей ғалымы В.В.Ильин. Ол ғылымның дамуын классикалық, классикалық емес және неоклассикалық емес деп жіктейді. Бұл жіктеуді ғылымның классикалыққа Дейінгі кезеңімен толықтырған дұрыс секілді деп ойлаймыз. Себебі, классикалық ғылым кезеңіне дейін ғылым ұзақ уақытқа созылған нағыз ғылымға дейінгі қалыптасу кезеңінен өтті. Алғашқы қауымдық қоғам дамуының мыңжылдық практикасы ғылымды қалыптастыра алған жоқ. Білім күнделікті өмірдің қажеттіліктері қанағаттандыруға ғана бағытталып, одан жоғары кетеріле алмады. Алғашқы қауымдық қоғамда өмір сүрген адамдар дүние туралы білім жинамады деуге болмайды, бірақ заттар туралы объективтік білім оларды субъективтік қабылдаумен тығыз байланысты еді, яғни, объективтік білім элементтері мен субъективтік сана арасында шекара болмады, табиғат құбылыстары адам және оның өмірімен байланысты түсіндірілді. Адам ойы таза теориялық білім деңгейіне көтерілуі үшін оның дәстүрлі практикалық бағытталғандығын бұзу қажет еді. Ескі сананы күйрету санаға тікелей әсер ету арқылы емес, сана бейнелеп отырған дүниені түбірімен қайта түсіну арқылы жүрді. Дүниеге деген жаңа көзқараста заттар адамға байланысты емес, объективті, заттар мен адам жеке-жеке, бір-біріне қатысты, бірақ тәуелсіз, нәрселер ретінде пайымдалды. Осындай ерекшелік көне гректерге тән еді. Ғылымды зерттеуші ғалымдардың бәрі дерлік ғылымның отаны көне Греция деп мойындайды. Гректер Египет пен Вавилон империяларында бірнеше жүзжылдықтарға созылған соғыстардан аман қалған, ұзақ уақыт ескерілмеген білімдерді қабылдап алды және жәй қабылдап қана қоймай, өздерінің ақыл-ойының, ойлау қабілетінің күштілігі арқасында өздерінің білімдерін қоса отырып жаңа дәрежеге көтерген, оларға абстрактылық және рациональдік сипат берген халық болды. Ғылым қашан және қалай пайда болды? Бул сураққа байланысты екі түрлі көзқарас бар. Бір көзқарас иелерінің пайымдауынша ғылым өте ертеде, яғни адамдар алғаш еңбек қаруын жасап, табиғат туралы абстрактылы білімі болған кезде дамыған деп айтады. Ал екіншілері ғылымның пайда болуы тәжірибелік жаратылыстану пайда болған кезде (ХУ-ХУІІ ғғ.) деп айтады. Қазіргі ғылымтану бұған нақты жауап бермейді, өйткені ғылымның өзін бірнеше аспектіде қарастырады. Негізгі көзқарас бойынша - ғылым — білім жиынтығы: қоғамдық сананың формасы; әлеуметтік институт; қоғамның негізгі қозғаушы күші; кәсіптік мамандарды дайындау жүйесі тағы басқа. Осы аспектілер бойынша ғылым:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11- 57 беттің 5 беті
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		

- XIX ғасырдың ортасынан бастап - мамандар дайындаудың жүйесі;
- XX ғасырдың екінші жартысынан — қоғамның негізгі қозғаушы күші;
- Жаңа уақытта — әлеуметтік институт
- Ежелгі Грецияда — қоғамдық сананың формасы;
- Адам мәдениетінің бастауында - білім жиынтығы ретінде қарастырылады.

Әр уақыт бойында әр ғылымның қилы салалары пайда болды. Антикалық ғылым қазіргі әлемге математиканы берді, Жаңа уақытта -механика пайда болды, ал XIX ғасырда қоғамтану келді.

Бұл процестерді дұрыс түсіну үшін біз тарихқа жүгінуіміз қажет.

Ғылымның қоғамдағы рөлі

Бүгінгі таңда қазіргі қоғамдағы ғылым адамдар өмірінің көптеген салаларында маңызды рөл атқарады деп айта аламыз. Ғылымның даму деңгейі қоғам дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі бола алатыны сөзсіз, сонымен қатар ол мемлекеттің экономикалық, мәдени, өркениетті, білімді, заманауи дамуының көрсеткіші екені даусыз.

Қазіргі заманның ғаламдық мәселелерін шешуде ғылымның әлеуметтік күш ретіндегі функциялары өте маңызды. Оған мысал ретінде экология мәселесін келтіруге болады. Ғаламшардағы табиғи ресурстардың сарқылуы, ауаның, судың, топырақтың ластануы сияқты қоғам мен адамға қауіпті құбылыстардың негізгі себептерінің бірі – ғылыми-техникалық прогресстің қарқындылығы екені белгілі. Демек, бүгінгі күні адам ортасында болып жатқан түбегейлі және зиянсыз өзгерістердің факторларының бірі – ғылым. Мұны ғалымдардың өздері де жасырмайды. Қоршаған ортаның қауіптілігінің масштабы мен параметрлерін анықтауда ғылыми деректер жетекші рөл атқарады.

Ғылымның қоғамдық өмірдегі рөлінің артуы оның қазіргі мәдениеттегі ерекше мәртебесін және оның қоғамдық сананың әртүрлі қабаттарымен өзара әрекеттесуінің жаңа ерекшеліктерін туғызды. Осыған байланысты ғылыми танымның ерекшеліктері және оның танымдық әрекеттің басқа түрлерімен (өнер, күнделікті сана, т.б.) байланысы мәселесі өткір қойылады.

Бұл мәселе философиялық сипатта бола отырып, сонымен бірге үлкен практикалық мәнге ие. Ғылымның ерекшеліктерін түсіну мәдени процестерді басқаруға ғылыми әдістерді енгізудің қажетті алғышарты болып табылады. Бұл ғылыми-техникалық революция жағдайында ғылымның өзін басқару теориясын құру үшін де қажет, өйткені ғылыми танымның заңдылықтарын түсіндіру оның әлеуметтік жағдайын және рухани әрі материалдық мәдениеттің әртүрлі құбылыстарымен өзара әрекеттесуін талдауды талап етеді.

Ғылымның функцияларын ажыратудың негізгі критерийлері ретінде ғалымдар қызметінің негізгі түрлерін, олардың міндеттерінің ауқымын, сондай-ақ ғылыми білімді қолдану және тұтыну салаларын алу қажет. Негізгі функцияларының кейбірі төменде келтірілген:

1) Танымдық функция ғылымның өз мәнімен беріледі, оның негізгі мақсаты – табиғатты, қоғамды және адамды тану, дүниені рационалды-теориялық тұрғыдан түсіну, оның заңдылықтарын ашу, құбылыстар мен процестердің алуан түрлілігін түсіндіру, болжамдық қызметті жүзеге асыру, яғни жаңа ғылыми білім шығару;

2) Дүниетанымдық функция, әрине, біріншісімен тығыз байланысты, оның негізгі мақсаты – ғылыми дүниетаным мен дүниенің ғылыми бейнесін дамыту, адамның дүниеге қатынасының рационалистік аспектілерін зерттеу және оны негіздеу, ғылыми дүниетанымның негіздемесін беру: ғалымдар дүниетанымдық әмбебаптар мен құндылық бағдарларды дамытуға шақырылады, дегенмен, әрине, бұл мәселеде философия жетекші рөл атқарады.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 6 беті

3) Өндірістік-технологиялық функция өндіріске инновацияларды, жаңа технологияларды, ұйымдастыру нысандарын және т.б. енгізуге арналған.

4) Мәдени-ағартушылық функциясы негізінен ғылымның мәдени құбылыс, адамдардың мәдени дамуы және білім беру факторы екендігінде жатыр. Ғылым жетістіктері, идеялары мен ұсыныстары бүкіл оқу процесіне, бағдарлама жоспарларының, оқулықтардың мазмұнына, оқыту технологиясына, формалары мен әдістеріне айтарлықтай әсер етеді. Бұл жерде жетекші рөл педагогика ғылымына тиесілі екені сөзсіз.

Ғылым сан қырлы қоғамдық құбылыс, қоғамнан тыс ғылымның пайда болуы, дамуы мүмкін емес. Ал ғылымның өзі объективті жағдайлар туған кезде:

- 1) объективті білімге әлеуметтік қажеттілік;
- 2) осы қажеттілікті қамтамасыз етуге қоғамнан ерекше бір дарынды адамдардың бөлініп шығуы;
- 3) білімнің жинақталуы, ғылыми жаңалықты символикалық түрде кескіндеу немесе хабарлау (жазудың болуы) тағы басқа болуы керек. Осындай жағдайлар б.э.д. VII-VI ғасырларда Ежелгі Грецияда пайда болды.

Ғылымның критерийлері:

- 1) теориялық;
- 2) ғылыммен айналысатын ерекше адамдар тобының болуы, қажетті материалдар мен технологияның болуы;
- 3) рационалдық (тиімділік);
- 4) жүйелілік.

Егер біз ғылымды 1 критерий бойынша қарастырсақ, сол кездегі Египет, Шумер цивилизациясында, жаңа білім алуға қажетті жағдайлар онша болған жоқ.

Бұл кезде математика, астрономия сияқты ғылым салалары бойынша аздаған білімнің алғашқы бастаулары болды. Индия мен Қытайдағы білімнің дамуы күнделікті өмірге қажетті және діни ритуалдарды жүзеге асыру үшін ғана керек болды.

Ежелгі шығыс цивилизациясындағы білімнің негізі және теория-лығы болмады. Шығыстағы дамыған астрономия әлемнің құрылысы мен аспан денелерінің қозғалысын зерттеу үшін емес, өзендердің тасу мен қайту уақытын анықтау үшін, гороскоп немесе жұлдызнама құрастыру үшін қажет болды.

Вавилондықтардың пайымдауынша аспандағы жұлдыздар қудайлардың бет-бейнесі есебінде қарастырылды, яғни олар жер бетіндегі өмірді бақылаумен болады деп есептеді.

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация

<https://docs.google.com/presentation/d/1Sq4wz-tYtKwkrdFVYhuI09wcJzLRdswVlEdZMOuvF2Y/edit?usp=sharing>

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Спандияров, Е. Ғылыми зерттеулер мен инновация негіздері [Мәтін] : оқу құралы / Е. Спандияров. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 116 бет. с.
2. Спандияров, Е. Основы научных исследований и инновации: практическое пособие / М-во образования и науки РК. - Алматы : Эверо, 2013. - 136 с.
3. Татиева, М. М. Особенности и проблемы использования интеллектуальной собственности и нематериальных активов в условиях инновационно-ориентированной экономики [Текст] : учебное пособие / М. М. Татиева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 84 бет.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11-57 беттің 7 беті

Қосымша:

1. Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. 1-басылым. Нұр-Сұлтан /Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы, 2020.-68б.
2. Койков В. В. Надлежащая практика научных исследований: Избранные вопросы методологии биомедицинских исследований и исследований в медицинском образовании: исследование. - Караганда: АҚНҰР, 2014. -140 с.

Электрондық ресурстар:

1. <http://aknurpress.kz/loginпромо код SDN-28>
1. Основы научных исследований. Монография. А.С.Кадыров, И.А.Кадырова. Караганда 2018г. 310 с. <https://aknurpress.kz/reader/web/1316>
2. Методы научных исследований в психологии. Сатова А.К. Учебное пособие. Алматы: «Издательство «Акнур», 2018, -110с.» <https://aknurpress.kz/reader/web/1265>
3. В.В. Койков, Г.А. Дербисалина. Надлежащая практика научных исследований: Избранные вопросы методологии биомедицинских исследований и исследований в медицинском образовании. - Караганда: ИП «Издательство АҚНҰР», 2014. – 140 с. <https://aknurpress.kz/reader/web/1401>

6. Бақылау сұрақтары: (Feedback кері байланысы)

1. Ғылыми білім дегеніміз не?
2. Ғылыми білімнің дамуында қандай негізгі кезеңдер бар?
3. Қазіргі өркениеттегі ғылыми білімнің рөлі қандай?
4. Ғылыми әдіс дегеніміз не?
5. Ғылыми білім құрылымына қандай элементтер кіреді?

№2 дәріс.

1. Тақырыбы: Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары.

2. Мақсаты: білім алуда және болашақ мансабында жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін университетте қалай зерттеу жүргізу керектігін талдай білу, дағдыларын дамыту.

3. Дәріс тезистері

1. Рефераттар және баяндамалар.
2. Курстық жұмыстар.
3. Дипломдық жұмыстар.
4. Студенттік жұмыстарды мазмұнына және безендіруге талаптар.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы - алынған білімдерді, біліктер мен дағдыларды тәжірибеде қолдана алуға қабілетті, жоғары білімді мамандар даярлау сапасын арттырудың маңызды құралдарының бірі. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тарту олардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін қазіргі ғылымның көкейтесті міндеттерін шешу үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Жоғары және орта арнаулы оқу орындарында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының түрлеріне: ғылыми баяндамалар, рефераттық жұмыстар, зертханалық және практикалық тапсырмалар, эксперимент жүргізу, курстық жұмыстар, дипломдық жұмыстар жатады.

Ғылыми баяндамалар- аудиторияда оқылатын немесе мақала ретінде жарияланатын ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік эксперимент жұмысының мазмұнын баяндайтын ғылыми құжат.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		57 беттің 8 беті

Қойылған мақсаты мен мазмұнына қарай рефераттарды төмендегідей типтерге бөлуге болады:

1. Ақпараттық рефераттар. Мұнда автор бір немесе бірнеше жұмыстың мазмұнын қысқаша баяндайды.

2. Бағалаушы рефераттар белгілі бір проблема бойынша бірнеше ғылыми әдебиеттер негізінде жазылады және проблемаға түрлі көзқарастар, түрлі жұмыстардағы ғылыми тұжырымдамалардың сыни талдамасы келтіріледі, реферат авторының ұстанымы анықталады.

Зертханалық және практикалық жұмыс- кез-келген пән бойынша белгілі бір сұрақтарды немесе міндеттерді шешу барысында студенттер жүргізетін жеке, топтық, ұжымдық іс-әрекет.

Эксперименттік жұмыс- нақты жағдайды есепке ала отырып, педагогикалық үдерісті немесе белгілі бір құбылысты, мәселені зерттейтін ғылыми тәжірибе. Педагогикалық экспериментке сүйеніп, зерттеуші оқу-тәрбие үдерісінің тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін, формаларын, мазмұнын тексере алады.

Эксперимент (лат. eksperimentum - тәжірибе) -ежелден қалыптасқан ғылыми-зерттеу әдістерінің бірі болып табылады. Эксперимент алғашқы кезде адамдардың қоршаған ортаны бақылау, танып білулерінен бастау алды. Ол бақылау әдісімен тығыз байланысты. Алайда эксперимент пен бақылау бір нәрсе емес. Эксперимент барысында зерттеуші құбылысты жай ғана бақылап қоймай, сол құбылыстың өзгеруіне де мүмкіндік береді.

Курстық жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеттерін танытады, педагогикалық ойлауын дамытып, ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастырады. Курстық жұмыстың мақсаты- студенттердің логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттерінің оқу-тәрбие үдерісіндегі дағдысын, ғылыми-зерттеушілік шеберлігінің деңгейін, теорияны практикамен ұштастыра білу мүмкіндігін практикада қолданып, қалыптастыру.

Курстық жұмысты жазуды мақсаты:

Әрбір студент өзінің болашақ мамандығын қалыптастыратын пәндерді оқып-үйрену барысында алған теориялық білімдерін одан әрі тереңдетіп, жетілдіре беруі үшін күнделікті болып жатқан экономикалық және әлеуметтік процестерді басқарудың тәжірибесін мемлекеттік, салалық және аймақтық тұрғыдан жеткілікті талдап, соның арқасында басқару тәжірибесінің салыстырмалы жетістіктері мен кемшіліктерін анықтай отырып, соңғыларын одан әрі болдырмаудың жолдары мен әдістерін ғылыми-методологиялық және ұйымдастырушылық-құқықтық жағынан негіздей білуге тиіс. Сондықтан дәл осы мақсатқа қол жеткізу үшін осы пән бойынша курстық жұмыс жазу керектігі оқу жопарында әдейі қаралған.

Курстық жұмыс студенттердің дербес жұмыстарының маңызды формаларының бірі, курстың логикалық аяқталуы болып табылады.

Студенттер курстық жұмысты орындай отырып, күрделі теориялық мәселелерді талдау барысында өздерінің ойларын логикалық тұрғыдан нақты білдіріп, жалпы теориялық ережелерді қазіргі таңдағы шынайылықпен байланыстыруға, оны өзінің болашақ мамандығының ерекшелігімен байланыстыруға үйренеді.

Курстық жұмысты жазу барысында студенттер қажетті экономикалық әдебиетті дербес іріктеу, нақты статистикалық материалды іріктеу ептілігіне ие болып, экономикалық және басқару құбылыстарын талдау мен жалпылауға үйренеді.

Курстық жұмыстың орындалуы оны жазудың өзара байланысты кезеңдерінен кұралады:

1. Курстық жұмыс тақырыбын таңдау және бекіту
2. Ақпарат көздерін іріктеу және талдау
3. Курстық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуіне қатысты негізгі талаптар

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 9 беті

4. Курстық жұмыс мәтінін рәсімдеу ережелері
5. Курстық жұмыстың соңғы нұсқасын рәсімдеу
6. Курстық жұмысты рецензиялау.
7. Курстық жұмысты қорғау және бағалау тәртібі.

Курстық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуіне қатысты негізгі талаптар

Курстық жұмысты жазар алдында студент тиісті:

1. Таңдалған тақырыппен танысып, оның қандай болатынын ойша елестетіп көру.
2. Әдебиетті, периодикалық басылымдарды толық талқылау.
3. Баяндалатын материалды нақты және логикалық сипаттау.

4. Курстық жұмыс тақырыбы кіріспе, негізгі бөлім мен қорытындыдан құралатын жұмыс жоспарына сәйкес ашылуы тиіс.

5. Жұмысты қазіргі таңдағы материалдарды, кестелер, сызбалар, графиктерді қолданумен жазу.

6. Орфографиялық және статистикалық қателіктер жібермеу.

7. Сандық материалды кестелер түрінде рәсімдеу ұсынылады.

Курстық жұмыс оқу жоспарымен қарастырылған мерзімдерде орындалуы тиіс.

Курстық жұмыстың құрылымдық элементтері:

- бет парағы (мұқаба) (Қосымша 3);
- жұмыс жоспары (Қосымша 4);
- кіріспе;
- негізгі бөлім (1-3 бөлімдер);
- қорытынды;
- қолданылған әдебиеттер тізімі.

8. Егер жұмыс қорғауға жіберілмесе, онда ескертулерді ескере отырып, жұмысты толықтыру қажет.

Курстық жұмыстың жоспары Кіріспені, барлық тараулардың, параграфтардың реттік нөмірлері мен атауларын, Қорытындыны, Қолданылған әдебиеттер тізімін және қосымшалар (егер болса) тізімін қамтиды.

Кіріспе

Кіріспеде автор төмендегі пункттерді міндетті ашуы тиіс:

1. Таңдалған тақырыптың өзектілігі;
2. ғылымдағы оның өңделу дәрежесі (авторлар мен олардың басты еңбектері келтіріледі);
3. Жұмысты жазу барысында шешілетін мақсаттар мен мәселелер;
4. Курстық жұмыстың пәні мен объектісі;
5. Оны құру логикасы (бөлімдері (параграфтар) бойынша курстық жұмыстың құрылымы).

Негізгі бөлім

Негізгі бөлімде тақырыптың мазмұны қамтылады. Аталмыш бөлім мәселенің теориялық негіздері сипатталып, нақты материал жалпыланып, талданып, статистикалық материалдар мен графикалық мәліметтер келтірілетін курстық жұмыс тақырыбын сипаттайтын 3-4 сұраққа бөлінуі (параграфтар) тиіс. Курстық жұмысты жазу барысында аталмыш мәселе бойынша әрекет етуші көзқарастарды баяндап қана қоймай, сондай-ақ өзінің көзқарасын да баяндауға тырысу қажет. Курстық жұмыста бекітілген жоспарға сәйкес қарастырылатын мәселелердің байланысы мен логикасы орын алуы тиіс.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		57 беттің 10 беті

Негізгі бөлім материалын баяндау логикасы мынадай боуы мүмкін:
Екінші бөлімде ҚР мемлекеттік басқару жағдайы ашылып, олардың сипаттамасы келтіріліп, статистикалық мәліметтерге талдау жасалуы тиіс.

Үшінші бөлімде қарастырылып отырған құбылысқа ықпал ететін факторларға талдау жасалып, қарастырылып отырған мәселені шешу, жетілдіру бойынша ұсыныстар жасалады.

Курстық жұмыстың негізгі бөлімі бірлік интервалды компьютерлік версияда 25-30 парақты немесе қолмен жазылса 40-45 парақты құрайды.

Қорытынды

Қорытындыда зерттеу барысында жасалып, енгізілген теориялық және тәжірибелік қорытындылар мен ұсыныстар жалпыланады. Олар өңдеулер мазмұны, маңыздылығы, негізгілігі мен тиімділігі туралы толық көрініс беретіндей нақты да қысқа болуы тиіс.

Қорытынды көлемі 2-3 парақты құрайды.

Қолданылған әдибеттер тізімі

Аталмыш тізім курстық жұмыстың соңында «Қорытынды» тарауынан кейін келтіріледі (Қосымша 8).

Аталмыш тізімге курстық жұмысты жазу барысында студентпен шын мәнісінде қолданылған қайнар көздер енгізілуі керек.

Ақпарат көздері тізімде курстық жұмысты жазу барысындағы ілеспелілікпен келтірілуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі библиографиялық талаптарға сәйкес рәсімделеді (Қосымша 7).

Қосымшалар

Қосымшаларда негізгі бөлімде көрініс таппаған, курстық жұмысты орындаумен байланысты материалдар, қосымша материалдар, көлемді кестелер, суреттер мен графиктер қамтылады. Әр қосымша жаңа парақтан басталып, реті бойынша нөмірленеді.

Жоғары оқу орындарында оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстары мәселесі бойынша талдау жасай отырып, мынадай ерекшеліктерді анықтадық:

- студенттің теориялық білім деңгейін арттырады;
- теориялық білімін практикада қолдану дағдыларын бекітеді;
- студенттің өз бетінше зерттеу біліктерін қалыптастырады;
- оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізе білу дағдысының қалыптасуына әсер етеді;
- зерттеу нәтижелерін объективті бағалауға тәрбиелейді;
- озат тәжірибелерді жинақтауға үйретеді;
- талдай білуге және күтпеген жағдайларда жол таба білуге үйретеді;
- мамандығына, пәнге, ғылыми ізденуге қызығушылығын оятады;
- студенттің жеке «ішкі» қабілетін ашады; сөйлеу мәдениетін дамытады.

Оқытушылар алдында курстық жұмысты қорғау студенттің курстық жұмыстың мақсаты мен мәселелерін қысқаша және нақты сипаттап, оның маңызды ережелерін баяндап, өзінің қорытындылары мен ұсыныстарын аргументтеуден тұрады. Баяндау үшін студентке 5-7 минут уақыт ұсынылады.

Қойылған сұрақтарға студент қысқа да нұсқа жауаптар қайтаруы тиіс.

Курстық жұмысты ғылыми жетекші мен кафедра комиссиясы балды-рейтингтік әріптіс жүйе бойынша бағалайды.

Курстық жұмысты бағалау критериялары болып табылады:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 11 беті

1. Таңдалған тақырып бойынша орындалған жұмыстың сәйкестігі;
 2. Келтірілген зерттеу мақсаттары мен мәселелерінің ерекшелігі;
 3. Қазіргі таңдағы ғылыми зерттеу әдістерін пайдалану;
 4. Жүргізілген эксперимент көлемі мен өңдеудің статистикалық әдістерін тандаудың негізділігі;
 5. Жұмыс нәтижелерін ілеспелі, сауатты және нақты баяндау ептілігі;
 6. Қолданылған ғылыми әдебиеттің жаңа болуы;
 7. Алынған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылығы;
 8. Ғылыми тәжірибелік маңыздылық;
 9. Рәсімделу сапасы;
 10. Курстық жұмысты қорғау (нақтылық, қысқалылық, логикалық, кәсіби сөз сөйлеу мәнері, көрнекі материал);
 11. Қорғау барысындағы қойылған сұрақтарға берілетін жауаптардың толықтығы.
- Қорғалғаннан кейін курстық жұмыс кафедрада сақталады.

4. Иллюстрациялы материалдар: презентация

<https://docs.google.com/presentation/d/1Sq4wz-tYtKwkrdFVYhuI09wcJzLRdswVlEdZMOuvF2Y/edit?usp=sharing>

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Спандияров, Е. Ғылыми зерттеулер мен инновация негіздері [Мәтін] : оқу құралы / Е. Спандияров. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 116 бет. с.
2. Спандияров, Е. Основы научных исследований и инновации: практическое пособие / М-во образования и науки РК. - Алматы : Эверо, 2013. - 136 с.
3. Татиева, М. М. Особенности и проблемы использования интеллектуальной собственности и нематериальных активов в условиях инновационно-ориентированной экономики [Текст] : учебное пособие / М. М. Татиева. - Алматы : ЭСПИ, 2021. - 84 бет.

Қосымша:

1. Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі.1-басылым.Нұр-Сұлтан /Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы,2020.-68б.
- 2.Койков В. В. Надлежащая практика научных исследований: Избранные вопросы методологии биомедицинских исследований и исследований в медицинском образовании: исследование.- Караганда: АҚНҰР, 2014. -140 с.

Электрондық ресурстар:

1. <http://aknurpress.kz/loginпромо код SDN-28>
- 1.Основы научных исследований. Монография. А.С.Кадыров, И.А.Кадырова. Караганда 2018г.310 с. <https://aknurpress.kz/reader/web/1316>
- 2.Методы научных исследований в психологии. Сатова А.К. Учебное пособие. Алматы: «Издательство «Акнур»,2018,-110с.» <https://aknurpress.kz/reader/web/1265>
3. В.В. Койков, Г.А. Дербисалина. Надлежащая практика научных исследований: Избранные вопросы методологии биомедицинских исследований и исследований в медицинском образовании. - Караганда: ИП «Издательство АҚНҰР», 2014. – 140 с. <https://aknurpress.kz/reader/web/1401>

6. Бақылау сұрақтары: (Feedback кері байланысы)

1. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы дегеніміз не?
2. Студенттердің ғылыми-зерттеу процесінің негізгі кезеңдері қандай?
3. Оқушылардың зерттеуі оқу үрдісі үшін неліктен маңызды?

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		57 беттің 12 беті

4. Студенттердің ғылыми жұмысы үшін қолайлы тақырыпты қалай таңдауға болады?

5. Зерттеу жүргізу үшін студенттерге қандай ресурстар мен құралдар бар?

№3 дәріс.

1. Тақырыбы: Мемлекет және құқықтың негізгі ұғымдары мен категориялары. Қазақстан Республикасының конституциялық және әкімшілік құқығының негіздері.

2. Мақсаты: білім алушылардың мемлекет пен құқықтың пайда болу себептерін, мемлекет пен құқықтың негізгі белгілері мен функцияларын, Қазақстан Республикасының конституциялық және әкімшілік құқығының негізгі ережелерін меңгеруі.

3. Дәріс тезистері:

1. Мемлекеттің мәні, белгілері және функциялары.

2. Құқықтың пайда болуы, түсінігі және белгілері. Құқықтың принциптері мен функциялары.

3. Конституциялық құқықтың ғылым және құқық саласы ретінде түсінігі, пәні.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы және оның дамуы. Конституциялық құрылыстың негіздері. Қазақстан Республикасындағы адам мен азаматтың құқықтық жағдайының конституциялық негіздері.

5. Әкімшілік құқықтың пәні мен әдісі.

Қоғам адамдардың ұйымдасуы мен өмір сүруінің нысаны, соның шеңберінде материалдық және рухани игіліктер өндіріліп, тұтынылып және айырбасталып жатады, осының өзі белгілі бір тәртіпті, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың орнықтылығы мен тұрақтылығын нығайтуға бағытталған, өз мүшелерінің мінез-құлқын басқарудың, реттеудің және ықпал етудің ерекше құралдарының болуымен сипатталады.

Мемлекет туралы ұғым. Мемлекет басқару функциясын орындайтын және соның көмегімен қоғамның тіршілік-тынысын қамтамасыз ететін, оған қажетті жағдайлар мен алғышарттар жасауға ұмтылатын адамзат қоғамын ұйымдастырудың айырықша нысаны.

Мемлекет дегеніміз - бұл адамзат қоғамы дамуының маңызды кезеңдеріне тән саяси ұйым:

а) қоғамды басқару міндетін атқару, адамдардың, топтардың, таптардың және басқа да әлеуметтік субъектілердің қарым-қатынасын реттеп, бағыттау, олардың бірлескен іс қимылына жағдай жасау жүктелген;

б) оның саясатын жүзеге асыру, жүктелген кең тармақты органдар жүйесі және биліктің ұйымдастырушылық-күш құралдары бар;

в) тапсырманың орындалуын қоғамдық өмірдің барлық субъектілері қамтамасыз ететін әкімшілік-мәжбүрлеу өкілеттілігі берілген.

Мемлекеттің негізгі белгілері:

Мемлекеттің рулық басқару ұйымынан басты айырмашылығы сол, онда арнаулы кәсіби басқару және мәжбүрлеу аппаратының болуымен немесе, оқу және монографиялық әдебиеттерде айтатындай жария биліктің болуы тән.

Мемлекет функциясының сипаттамасы:

1. Мемлекеттің **ішкі функциясы** қоғамның ішкі өмір салаларына, мемлекеттік ықпал ету немесе мемлекеттік басқару бағыттарын жатқызуға болады.

2. Адамдардың өндіріс, орналастыру және алмастыру саласындағы қатынастарын қамтитын мемлекеттің **экономикалық функциясы** жетекші орындардың бірін алады.

3. Адамдардың, әсіресе қысымға ұшыраған адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, халықты әлеуметтік жағынан қорғауды қамтамасыз етуге, олар үшін тіршілік

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 13 беті

етудің қалыпты жағдайын жасауға бағытталған мемлекеттің **әлеуметтік қорғауда функциясының** маңызы артып келеді.

4.Идеологиялық, бұл функциясының мақсаты – халықтың арасында мемлекеттің саясатын түсіндіру, осы азаматтардың көпшілік тобының қолдауы мен мақұлдауын қамтамасыз ету, бұқаралық ақпарат құралдарын, ғылым-білім беру, мәдени-ағарту және мекемелердің басқа да идеологиялық бағытын аталған міндеттерді шешуге жұмылдыру.

5.Қорғаушы, бұл функция конституциялық құрылымды сақтау мен нығайту, мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті, заңдылықты, құқық тәртібін шешуге бағытталған.

6.Экологиялық. 7.Сыртқы функциялар. 8. Елдің қорғаныс функциясы.

Мемлекеттің механизмі:

Мемлекет механизмі дегеніміз, мемлекет алдында тұрған міндеттерді шешу үшін, оның функцияларын іс жүзіне асыру үшін құрылған мемлекеттің барлық органдарының, сондай-ақ биліктің ұйымдастырушылық және ұйымдастыру-мәжбүрлеу құралдарының жүйесі.

Мемлекет механизмінің маңызды буындарының сипаттамасы:

1. Заң шығарушы және өкілді; 2. Атқарушы; 3. Сот органдары болып бөлінеді.

Монархиялық басқарудың нысаны ретінде мемлекетте бір адамның - монархтың қолында жоғары биліктің нақтылы шоғырлануымен немесе жоғары шексіз құқықтық тек кейбір нақтылы тиістілігімен сипатталады.

Республика үшін басқару нысаны ретінде мемлекеттегі жоғарғы биліктің заңмен белгіленген мерзім ішінде қызмет ететін бір немесе бірнеше сайлау органдарының қолына шоғырлануы тән. Олар әдетте жоғары заң шығару органы (Парламент, конгресс, ұлттық жиналыс) және мемлекет басшысы (Президент, төраға, кейде алқалы президиум) болып табылады.

Парламенттік республикада жоғары билік органдары жүйесіндегі түйінді орындардың бірін парламент иемденеді, ол заңдар қабылдайды және жалпы мемлекеттік маңызды мәселелерді шешеді.

Президенттік республиканың айрықша ерекшелігі – мемлекет басшысының өте күшті билігі болып табылады. Мұнда президент парламенттен тек премьер-министрді тағайындауға келісім ала отырып үкіметті тағайындайды.

Мемлекеттік құрылыс нысаны:

Мемлекеттік құрылыс нысанының маңызы орасан зор: оны қарамайынша орталықпен жергілікті органдардың қарым-қатынастар мәселесінің шешілуінің демократиялық дәрежесі мен мемлекеттегі орнын объективті бағалау, аймақтық саясаттың ықпалдылығы мен тиімділігін анықтау, ал көп ұлтты мемлекеттерде- әрбір ұлттың жағдайы мен мәртебесін анықтау, ұлтаралық қарым-қатынасты сипаттау қиынға соғады.

Унитарлық мемлекет бұл біртұтас, өзінің құрамында автономды-мемлекеттік құрылымдар жоқ, өз алдына дербестігі жоқ әкімшілік- аумақтық бөліністерден тұратын мемлекеттер.

Федеративтік мемлекеттер - бұл құрамына екі, үш және одан да көп мемлекеттер немесе бірқатар дербестік дәрежесі бар мемлекеттік құрылымдар кіретін одақтас мемлекеттер.

Конфедерация мемлекеттер – бірнеше мемлекеттердің қоғамдастық, экономикалық, әскери, дипломатиялық, этникалық бірлестігі.

Тәуелсіздік атрибуттарының көрсетіліп отырған екі тобы: а) тәуелсіздік алған жылдары және одан кейінгі кезеңде қалыптасқандар, б) дамудың бұрынғы кезеңінен қалғандар. Республиканың мемлекеттік құрылыс саласындағы және саяси-құқықтық жүйедегі мемлекеттік тәуелсіздігінің негізгі атрибуттары біздің ойымызша, мына төмендегілер:

1.Толық, шексіз егемендік.

2. Республиканың аумақтық үстемдігі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		
044-60/11- 57 беттің 14 беті		

3.Республикалық азаматтықтың болуы.

4.Меншікті құқықтық жүйе.

5. Мемлекеттік нышандары.

Мемлекеттік тәуелсіздік дегеніміз – республиканың сапалық жаңа жағдайы, ол оның тіршілік етуінің және дамуының барлық жағына, оның табиғатына, мәртебесіне, күзіретіне, республиканың ішіндегі әрі сыртындағы өзара қарым-қатынасқа да қатысты. Бұл –маңызды аспектілерінің бірі оның негізгі атрибуттарының проблемасы болып табылатын өте көлемді күрделі түсінік.

Конституция сөзі (латынның *constitutio* – бекіту, орнату деген сөз) Рим империясы заңдарында императорлардың құқық көздеріне айналған түрлі нұсқаулары мен жарлықтарын білдіреді.

Конституция ұғымының қазіргі түсінігі XVIII ғасырдың бастапқы орнықты. Алғашқы конституцияны 1987 жылы АҚШ-та, сонан соң 1789 жылы Францияда қабылданды. Кез келген конституция қоғамда орныққан тәртіптің негізгі ұстындарын бекітіп береді. Мұнда ел өміріндегі аса маңызды өзгерістер көрініс табады.

Сондықтан ҚР Конституциясы елімізде қолданылып жүрген барлық заңдардың іргетасын қалайды, оның "заңдардың заңы" болуы шындық, ақиқат. ҚР-ның қазіргі конституциясы төртінші Ата Заң (1937, 1978, 1993, 1995 жж.). Кейінгі Ата Заңда (1995ж.) құқықтық мемлекеттің қалыптастырылу бағыттары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде жеке адамның жан-жақты қалыптасуына қажетті экономикалық еркіндігі, идеологиялық пен саяси әр алуандылығы, халық билігін жүзеге асырудың демократиялық амалдары әлемдік талаптарға сай бейнеленеді.

Конституцияның мәні оның қызмет ету сипаттамасынан айқын көрінеді. Ол үш негізгі қызметті: **заң** (құқықтың басты қайнар көзі ретінде), саяси және идеологиялық, дәріптеуші қызметін атқарады.

Демек, Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық заң салаларының заңдық базасы болып табылады, ал оның нормалары басқалар үшін нормалық принцип болып есептеледі. Қазіргі кездегі Қазақстандағы құқық жүйесінің қалыптасуы елімізде құқықтық мемлекет құру бағытымен ұштастырылуда. Сондықтан еліміздің Ата Заңының мәні мен оның алатын орны барған сайын жоғарылауда.

Осыдан келіп мемлекетіміздің мынандай негізгі максаты туындайды:

Өзінің ең қымбат қазынасы ретінде адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтарын айқындап, бекіту;

1. Өз елінде және мемлекеттер арасында азаматтық бейбітшілікті, ынтымақтастық пен тату қарым-қатынастың әдістерін нақтыландырып, бекіту;
2. Байырғы қазақ жерінде мемлекеттік бірлікті сақтау;
3. Республиканың егемендігін сақтап, ұстап тұру;
4. ҚР-ның демократиялық негіздерінің мызғымастығын бекіту. ҚР конституциясы 9 бөлімнен, 98 баптан және де көптеген тармақшалардан тұрады. Сонымен қатар,ол ҚР-Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет екендігін айқындап берген. Олай дегеніміз – біздің ұлан байтақ жеріміздің ұлттық, аумақтық бөліністерге бөлінбей, тек әкімшілік-аумақтық бөліністерге, облыстарға, қалаларға, аудандарға, ауылдарға, бөлінетіндігі және олардың жоғарыдағы бір орталықтарға бағынатындығы.

Конституцияның заңдық қасиеттері:

Құқықтанушылар Конституцияның негізгі заңы ретіндегі ерекше белгілерін анықтай келіп, мынаған тоқталды: Жоғарыда атап көрсетілгендей, тек Конституцияда ғана мемлекеттік және қоғамдық өмірдің негізгі қағидаттары, ҚР-ның біртұтас демократиялық, зайырлы, құқықты және әлеуметтік мемлекет ретінде құрылғандығын, мемлекеттік биліктің заңды түрде нақтыланғандығы белгіленді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 15 беті

Конституцияның түрлері:

Айталық, мемлекеттік құрылыс нысанына қарай - Конституцияны біртұтас және федерациялық, саяси тәртіптің сипатына қарай - демократиялық және демократиялық емес, қолданылу ұзақтығына қарай - тұрақты және уақытша деген түрлері ұсынылған.

Конституцияны: 1) нысанына; 2) қолдану тәртібіне; 3) өзгертілу әдісіне қарай осындай түрлерге, белгілерге бөлу қабылданған.

Нысанына қарай Конституцияның екі түрі бар, олар: жазбалы және жазбалы емес конституциялар.

Әкімшілік құқық – ол мемлекеттік басқарудағы қоғамдық қатынастарды реттейтін және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылықты белгілейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығының саласы. Әкімшілік құқық мәні атқарушы өкімет органдарының (Үкімет, министрліктер, әкімдер және басқалар) мемлекеттік басқару аясында өз міндеттері мен қызметтерін тікелей жүзеге асыруына байланысты қоғамдық қатынастардың жиынтығын құрайды. Әкімшілік құқықпен реттелген қоғамдық қатынастарда әрқашан басқару билігінің өкілеттілігі берілген атқарушы өкімет органы қатысуы қарастырылады. Атқарушы өкімет органдарының иелігінде заңды құралдары болады, сол арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, меншігін қорғайды. Қоғамдық және мемлекеттік басқарудың өкілетті органдары, сондай-ақ әкімшілік соттар Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде белгіленген шараларды қолданылады. Әкімшілік құқық іс жүзінде құқықтық реттеудің барлық әдістемелерін пайдаланады. Әкімшілік-құқықтық нормалар мен қоғамдық қатынастарға ықпал ететін әдіс-тәсілдерді әдістеме деп түсінеміз. Әкімшілік-құқықтық әдістерге мыналар жатады:

- тапсырма беру – бұл субъектінің әкімшілік құқықпен белгіленген қандай да бір нақтылы әрекетті жасау міндеті;
- рұқсат ету – бұл құқық шеңберінде субъектіге қандай бір әрекет жасауға немесе өз қалауы бойынша оны жасаудан қалыс қалуға рұқсат беру;
- тыйым салу – бұл заңмен тыйым салынған әрекеттерді жасауға тыйым салу.

Әкімшілік құқыққа нұсқама беру және тыйым салу әдістемелері тән. Өйткені атқарушы өкіметтің заңды билік өкілеттілігін иеленген органы әкімшілік-құқықтық қатынастарға міндетті түрде қатысушы болып табылады. Атқарушы өкімет органдарының мұндай өкілеттіктері әр алуан заңдылық үлгеді: орындалуға міндетті бұйрықтар шығарумен; құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза берумен және т.б.т іске асырылуы мүмкін.

Әкімшілік-құқықтық нормалар – бұл мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін мінез-құлықтың мемлекет белгіленген жалпыға міндетті ережелері. Әкімшілік-құқықтық нормалармен тиісті мінез-құлықтың белгілі бір нұсқасы беріледі, яғни нормаларда көзделінген шарттарды сақтау кезінде ерік беріледі, яғни белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салынады. Негізінен, атқарушы өкімет органдарының ұйымдастырылуын және қызметін реттеуге есептелінген. Олар осы органдардың құрылымын, олардың билігінің өкілетті көлемін, қызмет тәртібін және т.б. белгілейді. Әкімшілік-құқықтық нормалары, сондай-ақ әкімшілік құқықтық қатынастардың басқа да субъектілеріне бағытталған (азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге және басқаларға) тәртіп ережелерінен тұрады. Әкімшілік-құқықтық нормалардың көп түрлігіне бөліп қарайды.

Материалдық және іс жүргізушілік әкімшілік-құқықтық нормаларды мазмұны бойынша айырады. Материалдық нормалар азаматтардың, атқарушы өкімет органдарының және басқалардың әкімшілік-құқықтық жағдайын бекітеді. Іс жүргізушілік нормалары әкімшілік құқық субъектілерінің құқықтық міндеттемелерді іске асыру тәртібін, сондай-ақ үкіметтің атқарушы органдарының нормативтік актілерді шығару рәсімін белгілейді. Мақсаттылық

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 16 беті

міндеті бойынша реттелетін және қорғалатын әкімшілік құқықты нормаларға бөледі. Реттелетін нормалар субъектілерге белгілі бір құқықтар береді немесе оларға міндеттер жүктейді. Қорғалатын нормалар құқық бұзулардың құқықтық салдарынан, яғни әкімшілік теріс қылықтардың құрамын және соларды жасағаны үшін жаза беру шараларын белгілейді. Әкімшілік-құқықтық нормалар әкімшілік құқықтың көздері болып табылатын нормативтік құқықтық актілерге берілген. Қазақстан Республикасында әкімшілік құқықтың төмендегідей негізгі көздері қолданылады:

- құқықтың ішінде мемлекеттің Негізгі заңы ретінде орталық орынды алатын Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы. Конституция нормалары атқарушы органдарының ұйымдастырылуын және қызметінің негіздерін, олардың мемлекеттің басқа органдарымен өзара қатынастарын белгілейді;
- Қазақстан Республикасының Заңдары. Олардың арасында әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс, «Мемлекеттік қызмет туралы», «Қазақстан Республикасының Үкімет туралы» және басқа заңдар айрықша орын алады;
- Мемлекеттік органдар нақтылы мәселелерді реттеу үшін қабылдайтын заңға сәйкес нормативтік актілер. Оларға мемлекет басшысының Жарлықтары мен өкімдері, Үкіметтің, Конституциялық Кеңестің қаулылары, министрліктердің бұйрықтары, әкімдердің шешімдері және басқалары жатады.

Әкімшілік-құқықтық қатынастар – бұл мемлекеттік басқару саласында қоғамдық қатынастарды әкімшілік құқық нормаларымен реттеу. Әкімшілік-құқықтық қатынастарға, ең алдымен, олардың айрықша билігі табиғатынан тұратын ерекшеліктері өзіне тән болып келеді. Бұл құқықтық қатынастар өзінің мәні жөнінен өкімет пен бағыныштылардың қатынастарында құралған билік қатынастар болып табылады.

Қазақстан Республикасының жеке тұлғалары (азаматтар, азаматтығы жоқ және шетелдік азаматтар), мемлекеттік органдар мен мекемелер, мемлекеттік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер және т.б. әкімшілік құқық субъектілері бола алады. Ол үшін олар әкімшілік құқықтық қабілеттілікті иеленуге, яғни әкімшілік-құқықтық қатынастарға енуге, мемлекеттік басқару саласында құқығы болуы тиіс.

Жеке адамның әкімшілік-құқықтық жағдайы, мемлекеттік басқару саласындағы құқығы мен бостандығы Конституциямен және заңнамамен белгіленеді. Алайда әкімшілік-құқықтық қатынастардың нақтылы субъекті болу үшін азамат әкімшілік іс-әрекетке қабілетті болуға, яғни өз әрекетімен құқықтарды иеленуге және мемлекеттік басқару саласында міндеттемелер алып жүруге қабілетті болуы керек. Әкімшілік әрекет ету қабілеті толық көлемінде кәмелетке жеткенінде, ал заңда көрсетілген жағдайда 16 жасқа толғанда туындайды. Әкімшілік жауаптылық - әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға заңмен белгіленген жаза беру шаралары тәртібінен көрініс табатын заңды жауаптылық түрі. Әкімшілік құқық жауаптылық төмендегідей ерекшеліктерге ие болады:

- кінәлі адамға жаза беру әкімшілік құқық бұзушылыққа мемлекеттің жаза беруі болып табылады;
- әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адмды тәрбиелеу және құқық бұзушының өзін де, сондай-ақ басқа адамдарды да жаңа құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қолданылады;
- адамның абыройын түсіруді, жеке басына жапа шектіруді, жеке (заңды) адамның іскерлік беделіне нұқсан келтіруді өзіне мақсат тұтпайды.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі (ӘҚБ) әкімшілік жауаптылық мәселелерін реттейтін негізгі құқықтық акт болып табылады. Кодекстің жалпы бөлімінде әкімшілік жауапкершілік институтының негізгі ережелері баяндалған, ал Ерекше

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		57 беттің 17 беті

бөлімінде оны жасағаны үшін берілетін жазалардың нақты түрлерін көрсете отырып, әкімшілік құқық бұзулардың тізбесі берілген. Әкімшілік құқық бұзушылық – кінәлі адамның әрекет немесе әрекетсіздігі түрінде көрінетін мінез-құлық актісі болып табылады. Міндеттерін белсенді түрде орындамау, тыйым салынғанды бұзу әрекет ету болып табылады. Әрекетсіздік – міндеттерін енжарлықпен орындамау. Құқық бұзушылық субъектісі – бұл әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекспен қорғалатын қоғам мен мемлекет өмірінің әр түрлі салаларындағы қоғамдық қатынастар. Мысалы, ӘҚБ Кодексінің 23-тарауында көрсетілген баспасөз және ақпарат саласындағы қоғамдық қатынастар құқық бұзушылықтың объектісі болып табылады. Құқық бұзушылықтың нақтылы объектілері ӘҚБ Кодексінің Айрықша бөліміндегі топтарда белгіленген. Мысалы, кодекстің 337- бабында кәмелетке толмағандардың қоғамдық орындарға мас күйінде келуі және кодекстің 500-бабы телефон-автоматтарды зақымдағаны үшін жауаптылыққа тартылады. Әкімшілік жаза – ол әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін мемлекеттің уәкілетті органы (судья, ПМ, т.б.) қолданатын мемлекеттік мәжбүр ету шарасы. Әкімшілік жаза құқық бұзушылық немесе келеңсіз салдарлары үшін – құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу қою. Әкімшілік жаза түрлеріне ӘҚБ Кодексінің 45-бабында белгіленген ескерту, айыппұл, арнайы құқығынан айыру т.б. жатады. Сонымен қатар, ӘҚБ Кодексінің 61 және 62 баптарында әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар белгіленген. Уәкілетті адам құқық бұзушылық жасалған жерде рәсімделетін ескерту жасау мен айыппұл өндіріп алу жағдайларынан басқа, әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттама жасайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс, әдетте, уәкілетті адамның әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен істің басқа да материалдарын алған күннен бастап 15 күндік мерзім ішінде ол жасалған жерде қаралады.

4. Иллюстрациялы материалдар: презентация

<https://docs.google.com/presentation/d/1Sq4wz-tYtKwkrdFVYhuI09wcJzLRdswVIEdZMOuvF2Y/edit?usp=sharing>

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Экономикалық және құқықтық білім негіздері :оқу құралы / Б. С. Битенова, Л. К. Мағзумова, А. А. Ахатова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 310 бет с
2. Маймақов, Ғ. Қ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы:оқулық . - Алматы : ҚРЖоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2013
- 3.Альжанова А.Н. Основы права учеб. Пособие/ А.Н. Альжанова, К.К. Райханова -: Алматы: Эверо, 2014 -134 с
4. Битенова Б.С. Основы экономических и правовых знаний : учебное пособие / Б. С. Битенова, Л. К. Мағзумова, А. А. Ахатова. - Караганда : АҚНҰР, 2023. - 313 б.

Қосымша;

1. Шо Малколм Н. Халықаралық құқық. 1-кітап = Internationallaw :оқулық / Н.Шо. Малколм ;Қаз. тіл ауд. О. Кенжебаев [жәнет.б.]. - 8-ші бас. - [б. м.] :Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 584 бет. с. : (Рухани жаңғыру)
2. Шо Малколм, Н. Халықаралық құқық. 2-кітап [Мәтін] = Internationallaw :оқулық / Н.Шо. Малколм ; Қаз.тіл ауд. О. Кенжебаев [жәнет.б.]. - 8-ші бас. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 624 бет.с
- 3.Медицинское право : учебник / Ж. У. Тлембаева [и др.] ; ред. Ж. У. Тлембаева. - Астана : Medet Group , 2023. - 218 с.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 18 беті

Электрондық ресурстары:

1. Құқық негіздері. Қазақбаева Ж.Р., 2019 оқу құрал / ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/2240>
2. Мемлекет пен құқықтың жалпы тарихы. Қазіргі заман. 2019 ж. 142 бет. Идрисов К.З. <https://aknurpress.kz/reader/web/2163>
3. ҚР мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. Маймаков Ғ.Қ. 2019 ж., 238 бет. <https://aknurpress.kz/reader/web/1786>

6. Бақылау сұрақтары: (кері байланыс Feedback)

1. Мемлекеттің шығу тегі мен құқығының қандай теорияларын білесіз?
2. Мемлекеттің белгілерін атаңыз.
3. Мемлекеттің негізгі функциялары қандай?
4. Құқықтық мемлекеттің негізгі белгілерін атаңыз.
5. Қазақстан Республикасы Конституциясының қарапайым заңдардан айырмашылығы неде?
6. Қолданыстағы заңнамада қазақстандық азаматтықты алудың және жоғалтудың қандай негіздері көзделген?
7. Қазақстан Республикасының қоғамдық құрылымының конституциялық негіздері қандай институттардан тұрады?
8. Конституциялық құқықты реттеудің қандай әдістерін білесіз?
9. ҚР қолданыстағы Конституциясы қай жылы қабылданды?
10. ҚР Конституциясының негізгі функцияларын атаңыз
11. Әкімшілік құқық ұғымын анықтаңыз.
12. Әкімшілік құқық субъектілерінің түрлерін атаңыз
13. ҚР Әкімшілік кодексі бойынша азаматтардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі
14. Қазақстан Республикасындағы атқарушы биліктің иерархиясы.

№4 дәріс.

1. Тақырыбы: Қазақстан Республикасының азаматтық және отбасы, еңбек және қылмыстық құқығының негіздері.

2. Мақсаты: Білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтық, отбасылық, еңбек және қылмыстық құқығының негізгі ережелерін меңгеруі.

3. Дәріс тезистері:

1. Азаматтық құқықтың түсінігі, пәні, принциптері. Азаматтық құқықтың қайнар көздері мен жүйесі.

2. Отбасы құқығының пәні, принциптері және қайнар көздері. Отбасы құқығы бойынша неке және соған байланысты құқықтық қатынастар. Алименттік қатынастар.

3. Еңбек құқығының түсінігі, пәні және әдісі. Еңбек шарты: түсінігі, тараптары, мазмұны.

4. Қылмыстық құқықтың түсінігі, пәні және принциптері. Қылмыстық құқықтың қайнар көздері.

5. Қылмыстық жауапкершілік түсінігі. Қылмыс туралы түсінік. Қылмыстың классификациясы.

Азаматтық кодекстің 1-ші бабының 1- тармағында көрсетілгендей, азаматтық заңдар мен тауар-ақша қатынастары және қатысушылардың теңдігіне өзгеде мүліктік қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар реттеледі. Оларға жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөлініс жатады. 1964-жылғы Азаматтық Кодекспен салыстырғанда 1994-жылы 27- желтоқсанда қабылданған Азаматтық Кодекстің ерекшелігі сол, мемлекет азаматтық- құқықтық қатынастарға осы қатынастарға өзге

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 19 беті

қатысушыларымен тең негізде түсетіндігі атап көрсетілген. Азаматтық құқық сала ретінде толық көрінуі үшін оның реттеу тәсілдерін анықтау қажет. Көптеген ғалымдардың тұжырымдары бойынша құқықтық қатынастарды реттеу тәсілінің бірнеше түрі бар және ол құқық жүйесінің салаларына байланысты әр қилы болуы мүмкін. Азаматтық құқық, көбінесе диспозитивтік нормаларға негізделген.

Азаматтық құқық дегеніміз- бір тараптың екінші тарапқа бағынбауына, қатысушылардың теңдігіне негізделген, тауар-ақша қатынастарын және өзге де мүліктік қатынастарды, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастарды реттеуге бағытталған құқықтық норма жиынтығы.

Диспозитивтік норма дегеніміз тараптар араларында туындайтын қатынастарды өздерінің қалауынша, егер заңда өзгеше көзделмесе, реттеу мүмкіндігі. Осы тұрғыдан алғанда, Азаматтық Кодекстің көптеген нормалары көрсетілген ережелерге бағынады.

Азаматтық заңдардың қолданылуы.

Азаматтық заңдардың уақыты бойынша қолданылуы. Қ.Р.К 4-бабының 4-тармағына сәйкес, барлық заңдар, ҚР-сы қатысушысы болып табылатын халқаралық шарттар деп жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

Отбасы құқығының қайнар көздері. ҚР-сы отбасы құқығының қайнар көзі ҚР-ың 1998жылғы 17 желтоқсандағы Неке және отбасы туралы Заңы болып табылады. Осы аталған заң актісі 1969жылғы 6-тамызда РЖК-сі бекіткен неке және отбасы туралы Кодексті алмастырды.

Неке және отбасы туралы Заң 7-бөлімнен, 29 тараудан және 213-баптан тұрады.

Неке және отбасы туралы заңның 3-бабы ҚР-ың неке-отбасы заңдарын мынандай принциптерге негізделгені көрсетеді:

- 1) еркек пен әйелдің некелік одағының еріктілігі,
- 2) ерлі-зайыптылардың отбасындағы құқықтарының теңдігі,
- 3) отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол бермеушілік,
- 4) отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісіммен шешу,
- 5) балаларды отбасында тәрбиелеуге басымдық беру, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқаты болуына қамқорлық жасау,
- 6) отбасының кәмелетке толмаған және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға басымдық беру,
- 7) отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, бұл құқықтарды сот қорғауының мүмкіндіктері.

Отбасы құқығы бойынша неке-бұл ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті толық келісім жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақ (Заңының 1-бабы).

Некеге тұруға кедергі жасайтын қолайсыз жағдайлардың, немесе басқа да себептердің болатындығы Заңның 11-бабында қарастырылған.

Некенің жарамсыздығы:

Заңмен белгіленген шарттар бұзылған жағдайда неке жарамсыз деп табылады.

Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері:

Тіркелген неке ерлі-зайыптылардың арасындағы жеке және мүліктік құқықтар мен міндеттерді тудырады.

Некені тоқтату

- 1) сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныса,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 20 беті

2) сот әрекетке қабілетсіз деп таныса,

3) қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталса, неке азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылады.

Осы норма тұтас алғанда неке және отбасы кодексінің 39-бабын қайталайды.

Ата-аналар мен балалардың арасындағы құқықтық қатынастар.

Ата-аналар мен балалардың арасындағы құқықтық қатынастардың пайда болуының негізгі балалардың белгіленген заң тәртібімен куәландырған белгілі бір әке мен шешеден туатындығы болып табылады.

Еңбек құқығының принциптері еңбек қатынастарын және олармен тығыз байланысты қоғамдық қатынастарды реттеу кезінде басшылыққа алынатын бастапқы постулаттар, идеялар.

ҚР.К-да еңбек саласындағы қатынастардағы құқықтық реттеудің мынандай принциптері баян етілген: еңбек бостандығы және өзінің еңбекке қабілеттілігіне еркін билік ету, қызмет пен кәсіп түрін таңдау мүмкіндігі, мәжбүрлі еңбекке тыйым салу және жұмыссыздықтан қорғау (24-бап), денсаулықты қорғау құқығы (29-бап), бірлестіктер бостандығына құқылы (23-бап), демалуға құқылы (24-бап). Бұл конституциялық принциптер еңбек саласындағы қатынастарды реттеудің сала аралық принциптеріне жатады, еңбек құқығында осы саланың өзіндік ерекшелігі ескеріліп отырып құқықтар нақтыланады және мынандай түрде беріледі:

1. Еңбек бостандығы еңбек шарт бостандығының салалық принципіне ауысады.
2. Еркін бірлестіктерге құқық – нақ өндірістік кәсіптік мүдделерді қамтамасыз ету және қорғау үшін кәсіптік одақтарға бірігу құқығы – еңбек құқығы принципімен ауысады.
3. Өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау құқығы ереуілге шығу құқығын қоса алғанда, оларды шешудің заңмен белгіленген әдістерін пайдалана отырып жеке-дара және ұжымдық еңбек даулары құқығында нақтыланады.
4. Демалыс құқығы еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін қызметкерлерге қатысты Конституцияның өзінде, заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мерекелік күндерге, ақы төленетін жыл сайынғы демалысқа белгіленген кепілдікпен нақтыланады.

Еңбек туралы заңдардың міндеттері:

Еңбек қатынастары саласындағы күзіретті органдардың барлық жағдайларда қолдануға есептелген нормативтік нұсқаулардан тұратын құқықтық актілері құқықтың көздері болып табылады.

Еңбек туралы заңдардың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) еңбек саласындағы нарықтық қатынастардың құқықтық негіздерін бекемдеу
- 2) еңбек бостандығы мен еңбек туралы шарттар бостандығын бекемдеу,
- 3) еңбек қатынастарындағы қызметкерлер мен жұмыс берушінің құқықтық мәртебесін белгілеу,
- 4) әлеуметтік серіктестік қатынастарды реттеу.

Жеке еңбек шарты.

Еңбек заңдарының негізгі институттарының бірі жеке еңбек шарты болып табылады. Жеке еңбек шартының негізінде жұмыс беруші және жұмысшы мен қызметші арасындағы еңбек-құқықтық қатынастар белгіленеді.

ҚР-ғы еңбек туралы заңның 10-бабына сәйкес жеке еңбек шартының мерзімі:

- 1) белгісіз мерзімге,
- 2) белгілі бір мерзімге,
- 3) белгілі бір жұмысты орындау уақытына немесе жұмыста уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына жасалуы мүмкін.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 21 беті

Жұмыс уақыты - қызметкер жұмыс берушінің актілері мен жеке еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт.

Демалыс уақыты – қызметкердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және оны өз қалауы бойынша пайдалана алатын уақыты.

Жалақы – жеке еңбек шартының негізінде орындалған қызметкер еңбегіне жұмыс беруші төлеуге міндетті ақы.

Еңбекке ақы төлеуді құқықтық реттеу екі әдіспен: орталықтандырылған және жергілікті әдіспен жүзеге асырылуы мүмкін.

Жалақының негізгі жүйелеріне – мерзімді және кесімді жүйе жатады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы — ҚР құқықтың жүйесіне кіретін өз алдына жеке құқық саласы. Ол негізінен, мемлекет, егер орындамаса, өзінің жазалайтындығын алға тарта отырып, бекіткен және санкциялаған, белгілі бір әрекеттерді жасауға тыйым салатын ережелердің жиынтығын құрайды.

Қылмыстық құқықтың реттеу аясына мемлекеттік және қоғамдық құрылыс меншік, жеке адам, құқықтық тәртіп, қоршаған орта және т. б. сияқты сан-саналы қоғамдық қатынастар, соның ішінде, басқа құқық салаларымен реттелетіндері де кіреді.

Қылмыстық құқықты, құқық салаларынан даралап алуға оның реттеу пәні, яғни қылмыс жасауға және оған белгілі бір жазалар қолдануға байланысты туатын қоғамдық қатынастар негіз болады.

Қылмыстық құқықтың реттеу әдісі қылмыстық құқықтық нормаларды бұзғаны үшін міндетті түрде қылмыстық жаза қолданылатындығымен сипатталады.

Қылмыстық құқықтық барлық нормалары екіге: Жалпы және Ерекше бөлімге бөлінеді.

Жалпы бөлім қылмыстық жауаптылықтың негіздерін, міндеттері мен принциптерін, жекелеген жаза түрлерінің қолдану шегін, оларды тағайындау тәртібін белгілейтін нормалардан, шартты түрде жаза қолдануды, қылмыстық жаза мен жауаптылықтан босатуды, үкімнің орындалуын кейінге қалдыруды реттейтін институттарды орнықтыратын нормалардан, сондай-ақ, сотталғандарды түзеу ісіне қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қатысу нысандарын көрсететін нормалардан тұрады.

Жалпы бөлімнің нормалары өзара да, Ерекше бөлімнің нормаларымен де тығыз байланысты.

Қылмыстық құқықтың басты қағидалары:

1. **Заңдылық принципі.** Ол қылмыспен күресуді заң шеңберіндегі оның талаптарын мүлтіксіз орындай отырып, жүргізуге иек артады. Ешкім де соттың үкімінсіз, яғни заңға қайшы жолмен кінәлі болып табылмайды. Сондықтан да қылмыстық заң қылмыстардың нақты тізімін көрсетеді. Қылмыстық заң нормасын ұқсастығы бойынша (аналогия) қолдануға тыйым салынады.

2. **Заң алдында азаматтардың теңдігі принципі.** Ол адамның тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлдіктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне қарамай қылмыстық заң алдында бірдей жауап беретіндігін көрсетеді. ҚР Конституциясының 14-бабында «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең»,— делінген.

3. **Қылмыстық құқық принциптерінің енді бірі** — қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапкершіліктің тумап қоймайтындығы. Әрбір қылмыс жасаушы қолымен істегенді мойнымен көтеретінін біліп жүруге тиіс. Бұл принципті жүзеге асыру нысандары болып мемлекет атынан оның органдарының қылмыстық істі қозғауы, айып тағуы, соттауы, жаза тағайындауы мен орындауы болып табылады.

4. **Жеке жауапкершілік принципі.** Қылмыс жасағаны үшін заңды тұлғалардың емес, тек қана жеке тұлғалардың (адамдардың) қылмыстық жауаптылығын көрсетеді.

5. **Айыпты жауаптылық принципі.** Қылмыстық әрекет үшін басқа адамдар (баласы, ата-анасы т. б.)

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		
044-60/11- 57 беттің 22 беті		

емес нақ сол әрекетті жасаушы адамды жауапқа тартуды ғана білдірмейді, сонымен қоса оны айыпты түрде жасаған адам айыпты екенін көрсетеді. Объективті айыптауға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін (қапылыста, жәбірленушінің кінәсінен т. б.) қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

6. Әділдік принципі объективті, жеткілікті, заңға сәйкес мәліметтерге сүйене отырып қана қылмыстық жауапқа тартуға болатынын, айыптының жасаған ісі мен тартқан жазасының сәйкес болуын, бір қылмыс үшін қайталап жауапқа тартуға болмайтынын білдіреді.

7. Демократизм принципі. Сот төрелігін жүзеге асыру барысында істі қатысушылар мен сол ауданның басым бөлігі білетін тілде жүргізу, сотталушыларды егер қажет етсе, аудармашының, қорғаушының көмегімен қамтамасыз ету демократизм принципінің көрінісі болып табылады.

8. Гуманизм принципінің мәні кішігірім қылмыстарды алғаш жасаған адамдарға кешіріммен қарап, жеңіл жаза тағайындап, кейде әкімшілік жауапкершілікпен ауыстыра отырып, қылмыстық жауапкершіліктен толығымен босатудан, керісінше ауыр қылмыс жасағандарға, рецидивистерге, ұйымдасқан құрылымдардың мүшелеріне неғұрлым ауыр жаза қолданудан тұрады.

9. Қылмыстық қудалау шараларын орынды қолдану принципі. Мемлекет қылмыстық қудалауды (жазаны) қылмыс жасаушының түзеудің басқа жолы қалмағанда қолдануға шарасыздан барады. Аталмыш принциптің көрінісін жазаның көлемі мен салмағын қысқартудан, бас бостандығынан айырмайтын шаралар салмағының өсуінен, орынды жерде оларды әкімшілік немесе қоғамдық ықпал ету нысандарымен ауыстырудан, кейбір қылмыстарды әкімшілік құқық бұзушылық санаттары қатарына қосудан көрінеді.

10. Интернационализм принципі ұлттық теңдікті бұзғаны үшін басқа мемлекеттің мүддесіне, халықаралық қауіпсіздікке, ұлттар арасындағы бейбітшілікке қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік белгілейтін нормалардан көрініс табады.

Қылмыстық заң — халықтың басым бөлігінің еркі мен құқықтық санасының көрінісі есебінде ҚР Парламенті қабылдайтын нормативтік актілердің бірегейі болып табылады.

Қылмыстық заңның негізгі міндеттеріне қылмыстық жауаптылықтың талаптары мен принциптерін, негізін, қылмыс түсінігінің жалпылама белгілердің, қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мен әрекетсіздіктер шеңберін, қолданылатын жазалардың түрлерін анықтау жатса, осы міндеттерді орындау арқылы қылмыстың алдын алу, яғни қылмыстарды болдырмау мақсатын көздейді.

Қылмыстық заң әртүрлі мазмұнда болуы мүмкін. Ол көлеміне байланысты жеке нормалардан тұратын, бірқатар нормалардан тұратын, қылмыстық құқықтық нормалардың аяқталған жүйесінен тұратын қылмыстық заң болып үшке бөлінеді.

Қылмыстық құқықтық норма үш элементтен: гипотеза, диспозиция және санкциядан тұрады.

Ерекше бөлімнің ережелері, тек диспозиция мен санкцияны құрайды.

Диспозиция мінез-құлық ережелерін немесе соған байланысты белгіленген талаптарды бейнелейді.


Гипотеза — норманы іске асыру үшін қойылатын талап.

Санкция — диспозицияда көрсетілген талаптарды орындамаудан туатын салдар.

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация

<https://docs.google.com/presentation/d/1mqIakBTtNzYeK5kToTuX8W5LvPwRuyYfLxp1-MlMVSA/edit?usp=sharing>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASI «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 23 беті



5. Әдебиеттер: Негізгі:

1. Экономикалық және құқықтық білім негіздері :оқ у құралы / Б. С. Битенова, Л. К. Мағзұмова, А. А. Ахатова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 310 бет с
2. Маймақов, Ғ. Қ. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы:оқулық . - Алматы : ҚРЖоғарғы оқу орындарының қауымдастығы, 2013
- 3.Альжанова А.Н. Основы права учеб. Пособие/ А.Н. Альжанова, К.К. Райханова -: Алматы: Эверо, 2014 -134 с
4. Битенова Б.С. Основы экономических и правовых знаний : учебное пособие / Б. С. Битенова, Л. К. Мағзұмова, А. А. Ахатова. - Караганда : АҚНҰР, 2023. - 313 б.

Қосымша;

1. Шо Малколм Н. Халықаралық құқық. 1-кітап = Internationallaw :оқулық / Н.Шо. Малколм ;Қаз. тіл ауд. О. Кенжебаев [жәнет.б.]. - 8-ші бас. - [б. м.] :Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 584 бет. с. : (Рухани жаңғыру)
2. Шо Малколм, Н. Халықаралық құқық. 2-кітап [Мәтін] = Internationallaw :оқулық / Н.Шо. Малколм ; Қаз.тіл ауд. О. Кенжебаев [жәнет.б.]. - 8-ші бас. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 624 бет.с
- 3.Медицинское право : учебник / Ж. У. Тлембаева [и др.] ; ред. Ж. У. Тлембаева. - Астана : Medet Group , 2023. - 218 с.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		
044-60/11- 57 беттің 24 беті		

Электрондық ресурстар:

1. Құқық негіздері. Қазақбаева Ж.Р., 2019 оқу құрал / ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/reader/web/2240>
2. Мемлекет пен құқықтың жалпы тарихы. Қазіргі заман. 2019 ж. 142 бет. Идрисов К.З. <https://aknurpress.kz/reader/web/2163>
3. ҚР мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. Маймақов Ғ.Қ. 2019 ж., 238 бет. <https://aknurpress.kz/reader/web/1786>

6. Бақылау сұрақтары: (кері байланыс Feedback)

1. Азаматтық құқықтың негізгі заңнамалық актілерін атаңыз.
2. Азаматтық құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі ұғымын анықтаңыз.
3. Азаматтық құқықтарды қорғаудың негізгі тәсілдері.
4. Өкілдіктің және сенімхаттың түсінігі мен белгілері.
5. Азаматтық құқық белгілерін атаңыз.
6. Заңды фактілердің және азаматтық құқықтық қатынастардың негізгі түрлерін атаңыз.
7. Отбасы және неке ұғымы.
8. Неке шартын өзгерту және бұзу.
9. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды кім жүзеге асырады?
10. Неке кінюдың негізгі шарттары.
11. Қазақстандағы кәмелетке толмаған балалардың құқықтары
12. Еңбек құқығы ұғымы.
13. Жұмыс уақытының түсінігі.
14. Жеке еңбек шартын жасасу нысаны.
15. Қылмыстық құқықтың мәні қандай?
16. Қылмыс дегеніміз не?
17. Негізгі және қосымша жазаларды атаңыз.

№5 дәріс.

1. Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлық» түсінігі және оның шығу тарихы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуы.

2. Мақсаты: білім алушылардың «сыбайлас жемқорлық» түсінігі және оның шығу тарихы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуы туралы түсініктерін қалыптастыру.

3. Дәріс тезистері:

1. Сыбайлас жемқорлық түсінігі, тарихи кезеңдердегі сыбайлас жемқорлық ұғымының көрініс беруі.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің дамуы тарихы.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие және білім беру.

Білім алушылардың бойында парасаттылық мінез-құлықты маңыздылығы қазіргі кезеңде арта түсті. Парасатты сана – білім алушының адамгершілік пен азғындықты, мейірімділік пен зұлымдықты, құқықтық және құқықтық еместі, ақыл мен ақымақтықты салыстырмалы талдай алуы мен ой елегінен өткізіп, өзіне және қоғамға пайдалысын ажырата білуі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		
044-60/11- 57 беттің 25 беті		

Жемқорлық белең алған елде «көлеңкелі» экономиканың пайда болуы әсерінен экономикалық даму төмендеп, халықтың әл-ауқаты нашарлап, әлеуметтік, саяси шиеленістерге алып келеді. Лауазымды тұлғалар өздерінің мемлекеттік сеніп тапсырған қызметтерінде жемқорлыққа бейімділігі арта түседі де олар өздерінің құқық қорғау органдары алдында жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершіліктерін сезінбейді, құқық қорғау органдары алдында өздерін сенімді ұстай бастайды. Жемқорлық белең алған елде кәсіпкерліктің дамуына тежеу салады, ұлттық өнім өндіруіне кедергі келтіреді, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, демократиялық қоғам құрудың барлық қағидаларына қайшы келеді, мемлекеттің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді. Сонымен бірге, халықтың мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне кепілдік беретін құқықтық органдары мен билік өкілдеріне деген сенімсіздігін ұялатады.

Жемқорлықты айқындайтын сипаттамалары: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік, т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан-таражға салуы болып табылады.

Жемқорлықтың пайда болуы тарихына қарайтын болсақ, онда бұл қоғамның дерті ретінде ерте дәуірден-ақ бастау алғаны мәлім. Жемқорлықтың шығуы ежелгі Вавилон, Шумер, антикалық Грек, Римнің қыш тақталы жазбалары мен мұрағаттарында көрсетілген. Мысалы, Ежелгі Вавилондағы мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жемқорлық туралы алғашқы еске алу б.э. дейінгі XXIV ғасырдың екінші жартысында, Шумерлар мен семиттер дәуірінде Лагаш Патшасы (ежелгі қала - қазіргі Ирак жерінде Шумердегі мемлекет) Урукагина шенеуіктер мен судьялардың өздерінің қызметтерін теріс пайдалануының алдын алу, сондай-ақ, патша әкімшілігі жағынан храм қызметкерлерінен заңсыз марапаттарды қорқытып алушылықты азайту, рәсімдер үшін төлемдерді азайту мақсатында мемлекеттік басқаруды құрғандығы туралы тарихи мұрағаттардан мәлім. Жемқорлықты айыптау дінде өте қатал жазалармен жазалап, күнә ретінде қарастырған, көптеген діни кітаптарда кездеседі, бірінші кезекте Құран иен Библияда. Ал б.з.д. IV ғасырда Индияда «Арташастра» трактаты жазылған болатын, онда жемқорлықтың түрлері мен онымен күресу тәсілдері талқыланды.

Жемқорлықтың адам бойында пайда болуы себебі лауазымға ие болғанда тұлғаның өзінің өкіметтік құзыретін және оған сеніп тапсырылған құқықтарын заңнама мен моральды белгілерге қарама-қайшы келетін өзінің пайдасы үшін пайдалана бастауы.

Жемқорлықтың тарихи тамыры алғышқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі тайпа мүшелерінің тайпа көсемдеріне сыйлық беру арқылық ерекше ықыласқа бөленуі, төлем төлеуі қалыпты жағдайға айнала келе, тайпалық дәуірден соң келген мемлекеттік құрылымның қалыптасуы мен оның аппараттың күрделіленуі мен орталық үкімет билігінің күшеюі барысында басшылардың ойы бойынша тек белгіленген қызметіне шүкіршілік етуге міндетті мемлекеттік шенеуіктер пайда болды. Олар өз кірістерін жаалақыдан анағұрлым көбейту үшін өздерінің қызмет өкілеттіктерін пайдалануға тырысты.

Жемқорлық туралы жан-жақты мәліметтер антикалық мұраларында грек философтары Платон мен Аристотель өздерінің жұмыстарында өкіметтің қызметтерін теріс пайдалану мен паракорлықтың қоғамның экономикалық, саяси және діни өміріне бұзушылық әсері жөніндегі ой-пікірлерінен байқауға болады. Мысалы, Аристотель «Саясат» атты өзінің еңбегінде сыбайлас жемқорлықты мемлекетті апатқа әкелмесе, қайта тууына әкелетін маңызды фактор деп көрсетті. Мұндай қайта туудың мысалына монархияның тиранға айналуы деп түсіндіреді.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 26 беті

Парақорлық туралы ресейлік тарихнамалық жазбадарында XIII ғасырда кездеседі. Орыс патшаларының ішінде сыбайлас жемқорлық әрекетіне мемлекеттік дәрежеде тыйым салу III Иванға қатысты орын алған. Иван Грозный 1561 жылы жергілікті басқарманың сот шенеуіктеріне пара алғаны үшін өлім жазасы тағайындау туралы Жарлық шығаруы орыс патшалықтарындағы сыбайлас жемқорлықтың өршіп кетуінен хабар береді. 1648 жылы патша А.Романовтың дәуіріндегі жемқорлықтың өршуін екі парақор «министрлерді» - Плещеев пен Траханиотов халық алдында қатаң жазаға тартылуынан байқауға болады.

Сондай-ақ, парақорлық, жемқорлық, лауазымды тұлғалардың қызметін теріс пайдаланғаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы сұрақтар 1649 жылы қабылданған құқықтық жинақтарда шешімін табуы, аталған құқықтық жинақтардың 5 және 7 баптарында сот органдарының лауазымды тұлғаларына сыйлық алғаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылуы, 6 бап бойынша пара алғаны үшін жауапкершілік тартуы тиіс субъектілердің тізімін көрсетілуі орыс патшалығы дәуіріндегі қоғамның дертіне айналғандығынан хабар береді.

I Петр кезінде сыбайлас жемқорлық пен қатар патшаның онымен қатал күресте қатал тәртіп енгізіп, жемқорлықпен күрескен. Орта ғасырларда «сыбайлас жемқорлық» түсінігі дін тұрғысынан қызығу, шайтанның азғыруы деп түсіндірілді. Жаңа замандп Еуропада орталықтандырылған мемлекеттердің пайда болуы сыбайлас жемқорлықтың жаңа түсінігінің дамуында жаңа кезең мен оған қарсы күрестің жаңа заңдарын әкелді. Сыбайлас жемқорлық қоғамның «дерті» ретінде қабылданып, оған қарсы іс-қимылдар жүзеге асырыла бастады.

Жемқорлық түсінігі отандық заң ғылымында сыбайлас жемқорлықтың даму тарихынан қазақ даласы территориясындағы рулық қауымдастықта қабылданған әдеттегі құқық нормалары көбінесе көшпенді мәдениет қағидаларымен белгіленген дәстүрлермен айқындалады.

Қазақстанда құқық жүйе негізінің бірінші кезеңі ортағасырлардың орта және кеш кезеңдері XIVғ.- XIXғ. бірінші жартысынан бастау алады. Сол кезде оның негізгі белгісі құқықтың дәстүрлі мұсылмандық жүйесінің және монғол көшпенді мәдениетінің жай, құқықтық институтының құқықтық ережелерінің соңғыларының ықпалымен сәйкес келуі болды.

Бұл қазақ феодалдық даму формациясында өмір сүрген қазақ қоғамында сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік қазір біз қабылдап отырған күйде болған жоқ. Алайда, Қазақстанның Ресейге қосылуына дейін сыбайлас жемқорлық сыйпаттық нысанда көріне бастады, яғни ақсүйек өкілдеріне сый беру борышы міндетті феодалдық дәстүрге айналуы патшалы ресейдің халыққа салған салық түрлерінің артып кетуінен, мысалы, жәй егіншіден хандардың, сұлтандардың, билердің және де ақсүйек өкілдерінің пайдасына «ұшыр» салығы - өнімнің оннан бір бөлігі алынып отыруы халықтың жағдайын нашарлатып жіберді.

Қазақ даласында ақсүйектерге берілетін сы-сияпаттардың түрі артып кетті, малшылар «зекет» салығын – малдың сол немесе басқа түрінің белгілі бір санын төледі, феодал басшыларының пайдасына соғым немесе сыбаға түрінде табиғи сыйлар жиналды. Мысалы, «Ордада заңи күші бар қырғыз дәстүрлерінің бейнелеуіне» сәйкес: «Соғым күзде жасалады, әдетте ол хан немесе сұлтан қыс бойы халықтың асырауында өмір сүре алуы үшін жасалады. Сыбаға соғым сияқты сондай жағдайларлы көктемде жасалады. Ордада сый-құрметке ие орда тұрғыны қандай да бір лауазымға ие болмаса да, жәй қырғыз ұсынған сый алудан бас тарта алмайды».

XVI ғасырдың басынан бастап Қазақстанда «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын Қасым ханның заңдары әрекет етті, ол негізінен жәй құқық нормаларынан тұрды, ал XVI ғасырдың аяғында Тәуке ханның «Жеті жарғысы» жаңартылып, толықтырылып, дала құқығы үш қайнардан тұрды: дәстүр, би соттарының тәжірибесі және билер съезінің Ережелері, сот

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 27 беті

міндеттерін хандар, сұлтандар және билер жәй құқығының негізінде орындады. Сот даулары соңғы сот инстанциясын хан қарады. Сот даулары үшін ол «хандық» деп аталатын белгілі бір сый сомасын алып отырды. Хан жәй құқық негізінде соттады, жәй құқықтағы кемшіліктерді ауыстыру үшін өзінің құқық шығармашылық әрекетін пайдаланды. Мұндай жағдайда ханның шешімі жәй құқыққа маңызды қосымша болды және құқықтың жаңа нормаларының тууына себеп болды. Қазақ жерінде жемқорлық, паракорлық орын алып отырды, мысалы, пкадемик С.Зиманов: «1855 жылы Беріш және Адай руының қазақтары (Ішкі орда) жергілікті өкіметке сұлтан К. Шигаевтің өз қызметін теріс пайдалануы жөнінде топ болып хат жазды. Онда олар, егер даулары бар орда тұрғындары Шигаевқа ақшамен келсе, олардың шағымдары қысқа уақытта қаралатынын жазған. Егер қазақтар сыйсыз барған уақытта, ол олардың шағымдарын қарамақ түгілі, оларға көрінбейді де, сондықтан оларға кері ауылдарына қайтуға тура келеді. Тексеріс кезінде кейбір сұлтандар мұндай теріс пайдалунуды жасап қоймай, күміспен 100 және 200 рубльге дейін үлкен лауазымдарды сатқаны анықталды», - деген мәлімет келтірген.

Қазақтардың сый және басқа да құрметтер көрсетуі дәстүрлі мінезіне тән, ал оның тамырлары феодализм кезінде қазақ қоғамында орын алған әлеуметтік-саяси және экономикалық қатынастарда сыбайлас жемқорлық заңды институционалдық нысанда көріне бастады. Қоғамның теңсіздікке негізделген байлар мен кедейлерге әлеуметтік бөлінуі, олардың жағдайлары бойынша араларындағы қатал иерархияның орын алуы, қазақтарда шенеуік құрметтеу психологиясын тәрбиелейтін туыстық қатынастар мен патриархалдық мәдениеттің пайда болуы сыбайлас жемқорлықтың өршуіне алып келді.

Сыбайлас жемқорлық маңызының әлеуметтік-құқықтық өзгеруіне объективті әсер еткен кезеңі Ресейдің отарлау саясатының күшеюі, сонымен қатар жергілікті жерлерде патша үкіметі мен жергілікті сот, билердің жазалау шараларын күшейтуі қылмыс санының азаюына әкелмеді. Осындай жағдайда Ресей жемқорлық пен оны таратуға әсер ететін себептерді табу мен жоюды қамтамасыз ететін жаңа жолдарын қарастырды. 1845 жылы паракорлық үшін жауапкершілік туралы заңнаманы және сыбайлас жемқорлықтың пайда болуының басқа нысандарын өзгерткен және толықтырған қылмыстық және атқарушылық жазалар туралы Ереже қабылдады.

1917 жылы қазандағы мемлекеттік құрылым мен басқару нысанының ауысуы сыбайлас жемқорлықты жойған жоқ, бірақ жаңа әкімшілік ортадағы паракорлық пен басқа да ұйымдасқан қылмыстардың қалыптасуына алып келген екіжүзді көзқарасты тудырды.

1918 жылдың 8 мамырындағы «Паракорлық туралы» РСФСР ХКК-нің Декреті мұндай іс үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін ең бірінші құқықтық акт болды. Оған сәйкес паракорлық үшін қылмыстық жауапкершілікке мемлекеттік немесе қоғамдық қызметте тұрған тұлғалар тартылды. Ауырлататын жағдайлар ретінде «қызметкердің ерекше құзыреті... және параны қорқытып алушылық» қарастырылды.

Кенес құрылысының бастапқы кезеңдерінде барлық қоғамдық құрылымдар (діни қауымдардан басқа) және қоғамдық құрылымның қызметкері лауазымдық қылмыстардың субъектісі ретінді танылды.

Сыбайлас жемқорлық құбылысын халықаралық заманауи тұрғысынан түсіну және оған қарсы күрес шараларын іске асыру жолдары қылмыстың алдын алу және құқық бұзушылармен жұмыс жүргізу жөніндегі БҰҰ-дың Сегізінші Конгресінің хатшылығы әзірлеген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша практикалық шаралар» атты нұсқаулықта көрініс тапты (Гавана, 1990 жылғы тамыз-қыркүйек). Осы құжатты талқылау нәтижесінде әлемдік қауымдастыққа сыбайлас жемқорлықтың мынадай ерекшеліктері ұсынылды:

- сыбайлас жемқорлыққа жататын барлық құқық бұзушылықтар енгізілуі тиіс, олар: этикалық, тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық-құқықтық бұзушылықтар, бұл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 28 беті

сыбайлас жемқорлық жолына түскен субъектінің қызметтік бабын өз басының пайдасына асыра пайдалануы, заңды бұзуы;

- мемлекеттік қызметтегі тұлғаларды сыбайлас жемқорлық жолына итермелейтін субъектілердің қызмет шеңберін шектеу. Шенеуніктердің артықшылықтарды заңсыз пайдалануы.

Жемқорлықтың көрініс табуының ең қауіпті екі түрі:

- мемлекеттік немесе қоғамдық мүліктерді жемқорлық жолмен ұрлау;
- мемлекеттік қызметкерлердің әрекетінде ұрлық белгілері байқалмаса да, олардың қандай да бір артықшылықтарды заңсыз жолмен алу мақсатында өз қызметтік жағдайын теріс пайдалануы.

1979 жылы БҰҰ-дың Бас Ассамблеясы және сыбайлас жемқорлық мәселелері жөніндегі аймақаралық семинар (Гавана 1990 ж.) анықтама ұсынды: «Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке адамның немесе бір топ адамдардың қызмет жағдайын өз басының мүддесіне қарай пайдалануы және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын заңсыз пайда алуға бағыттауы». Келесі анықтама 1999 жылғы «Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» атты Еуропа Кеңесінің Конвенциясында берілген, онда: «Сыбайлас жемқорлыққа – мемлекеттік, муниципалдық немесе өзге де қоғамдық қызметшілердің немесе коммерциялық не өзге де ұйымдардың қызметшілерінің өз мәртебесін кез келген мүлікті заңсыз алуы, оны иемденуге құқықты болуы, қызметті немесе жеңілдікті пайдалануы, сондай-ақ аталған тұлғалардың осындай мүлікті, оны иемдену құқығын басқа тұлғаға беру, қызмет көрсету және жеңілдіктер ұсыну».

Сыбайлас жемқорлық ұғымының құқық ұғымының шеңберінен кең екендігін отандық заң ғылымы өкілдері өз зерттеулерінде айқындаған, мысалы М.О. Нәукенов: «Сыбайлас жемқорлық» және «ұйымдасқан қылмыс» ұғымдарын бір-бірімен байланысты, сыбайлас жемқорлықты ұйымдасқан қылмыс өкілдері мемлекеттік органдар жұмысын «бақылау» құралы ретінде пайдаланып, қылмысты әлеуметтік тұрғыдан бақылау бейтараптанатынығын және ұйымдасқан қылмыс өкілдері билік органдарын өз мақсатына жету үшін пайдалананып саяси шешімдер қабылдауда ықпал ететіндігіне тоқталса, ал А.С. Қалмұрзаев сыбайлас жемқорлықты кез келген қызметкердің қызмет жағдайын пайда күнемдік мақсатында пайдалануы ретінде қарастырады

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 2-бабына сәйкес: «Мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып, не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық деп ұғынылады».

Сонымен, сыбайлас жемқорлыққа тән белгілері, әлеуметтік құбылыс ретінде халықаралық құжаттарда нақты анықтамасы жоқ екендігіне көз жеткіздік, әрбір мемлекетте өзіне тән құқықтық дәстүрлер негізінде өздерінің жемқорлыққа қарсы құралдар жиынтығы бар.

Кесте – 1. Сыбайлас жемқорлық қарым-қатынастарының типологиясы

Сыбайлас жемқорлық типологиясының	Сыбайлас жемқорлықтың түрлері
-----------------------------------	-------------------------------

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		57 беттің 29 беті

өлшемдері	
Қызметтік бабын өз басының пайдасына пайдаланушы субъект	Мемлекеттік сыбайлас жемқорлық Коммерциялық сыбайлас жемқорлық Саяси сыбайлас жемқорлық
Сыбайлас жемқорлықтық қарым-қатынастың бастамашысы	Мекемені басқарушы тұлға алдына келген адамды пара беруге мәжбүрлеу Көмек сұрап келген адамның өзі пара ұсыну
Пара беруші субъект	Жеке адам парасы (кез келген азамат) Кәсіпкерлік пара (нақты фирмалар) Қылмыстық пара (ұйымдасқан қылмыс өкілдері, мысалы, есірткі таратушылар)
Параның түрі	Ақшалай пара, заттай пара, қызмет көрсету
Пара берушінің пара беру мақсаты	Тездету үшін пара беру (пара алған адам бір істі жедел орындауы тиіс) Тежеу үшін пара беру (пара алған адам бір істің орындалуын тоқтатуы тиіс, сөйтіп өз қызметтік міндеттерін бұзады) «Жылы көзбен қарау» үшін берілетін пара (пара алған адам қызмет бабында белгілі бір тұлғаның «тырнақ астынан кір іздей бермеуі тиіс»)
Сыбайлас жемқорлықтық қарым-қатынастың орталықтандырылу дәрежесі	Орталықтандырылмаған жемқорлық (пара беруші кез келген адам өз бетінше әрекет етеді). Орталықтандырылған сыбайлас жемқорлық «төменнен жоғары жаққа қарай» (төменгі сатыдағы шенеуніктер жинаған парасын өзара және жоғары тұрған басшылықпен бөліседі)
Сыбайлас жемқорлықтық қарым-қатынастың таратылу деңгейі	Биліктің төменгі сатысында орын алған сыбайлас жемқорлық (биліктің төменгі және ортанғы сатыларында) Биліктің жоғарғы сатысында орын алған сыбайлас жемқорлық (жоғары қызметтегі шенеуніктер және саяси қайраткерлер) Халықаралық сыбайлас жемқорлық (шаруашылық қарым-қатынас саласында)
Сыбайлас жемқорлықтық байланыстардың жиілігі	Ауық-ауық түрдегі сыбайлас жемқорлық Жүйелі түрдегі сыбайлас жемқорлық Клептократия (биліктің ажырамас бөлігі ретіндегі сыбайлас жемқорлық)

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет - бұл сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзгісі келмейтін, бірақ бұл құбылысты жоюға ұмтылатын адамның жағдайы; бұл қоғамның әл-

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 30 беті

аукаты мен қауіпсіздігі үшін сыбайлас жемқорлықтың зияндылығы туралы білімдерді қамтитын жеке тұлғаның қасиеті. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет - бұл сыбайлас жемқорлыққа қатысты белсенді азаматтық ұстанымды көрсетуге бағытталған белгілі бір құндылықтар мен қабілеттер.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 9-бабына сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері өз құзыреті шегінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша жүзеге асыратын іс-қимыл.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың кешенді жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023жылғы 31 желтоқсандағы №1147 Қаулысымен жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет құқыққа негізделген мінез-құлық үшін мынадай құзыреттердің болуын болжайды:

- сыбайлас жемқорлықты әлеуметтік құбылыс ретінде тану;

- сыбайлас жемқорлық көріністерімен байланысты материалдарды сыни және объективті бағалау;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің не екенін нақты елестету және кез-келген салалардағы сыбайлас жемқорлықты азайту үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану мүмкіндігі; бұл қоғамның моральдық-құқықтық нормаларына сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлыққа тұрақты мотивация береді.

Осылайша, жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті оның жеке басының даму дәрежесі мен сипатын көрсетеді, бұл оның қызметінің заңдылық деңгейінде көрінеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның мінез-құлқын құқықтық ережелерге сәйкес құруға деген талпынысын ғана емес, сыбайлас жемқорлыққа байланысты кез-келген құқық бұзушылықты тоқтатуға дайын екендігін білдіреді.

Сондықтан адам жазадан қорқу жағдайында емес, ең алдымен мұндай әрекеттерді лайықсыз және өмірлік қағидаларға қайшы деп санайтындықтан сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасамайды, яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетте көрінетін жеке тұлғаның құндылық-нормативтік саласының жеке сипаты.

Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін жеке тұлғаның азамат ретінде өз құқықтарын игеру дәрежесінде де, оларды міндеттерін орындау тұрғысынан пайдалану тұрғысынан да түсіндіруге болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет туралы әр адам білуі қажет:

- заңның белгілі бір ережелерін түсіндіре білуге және олардың қолданылу аясын анықтауды;

- өз өмірінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық білімді қолдана білуді;

- шатастырылған құқықтық жағдайлардан шығудың жолын табуды, яғни өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін заңды пайдалануды.

Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің мынадай функцияларын бөліп көрсетуге болады:

- танымдық функция құқықтық тәжірибеде жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлық құбылыстарын түсінуімен сипатталады. Бұл функцияны іске асыру нәтижесінде қоғамның әртүрлі жүйелерінде (білім беру, әлеуметтік, саяси және экономикалық жүйелер) болып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы құбылыстарды зерттеу және түсіндіру жүргізіледі. Танымдық

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 31 беті

функция әртүрлі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттердегі сыбайлас жемқорлық көріністерінің мәні, түпкі себебі болып табылатын проблемаларға негізделген терең процестерді ашуға бағытталған;

- модельдеу функциясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың тиісті моделін қалыптастыру құралы ретінде қызмет етеді; жеке тұлғаның құқықтық ережелерге сәйкес келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құلقىның белгілі бір бейнесі немесе стандарты жасалады;
- реттеуші функция өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың құқықтық талаптармен салыстыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мынаны көздейді:

- сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның мазмұны, мақсаттары, субъектілері, нысандары мен түрлері, іске асыру салалары, қоғам өмірінің барлық саласында көрініс табу ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;

- моральдық-адамгершілік, этикалық мәдениетті тәрбиелеу;
- құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;
- қоғам мүшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық уәжін ынталандыру;
- мүдделер қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру.

Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа саналы қатынасты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылықтарға моральдық «иммунитетті» қалыптастыру және осының негізінде сыбайлас жемқорлықты азайту бойынша құзыреттерді дамыту; Қазақстан азаматтарының мінез-құлық моделін қалыптастыру, бұл ретте «сыбайлас жемқорлық» сөзінің өзін қабылдамау, адамгершілік тойтарыс, төзбеушілікті туындатуы тиіс; құқықтық құндылықтарды жоққа шығару, заң мен тәртіпті құрметтемеуді білдіретін құқықтық нигилизмді жою; құқықтық жаппай оқу арқылы құқықтық білім мен тәрбиені қамтамасыз ету қажет.

Қазіргі әлем елдерінің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – жастардың арасындағы сыбайлас жемқорлық. Бұл әлеуметтік дерттен біздің қазақстандық жастар қоғамы да белгілі бір деңгейде зардап шегіп отыр. Себебі, жемқорлық дерті мемлекеттік қызметке баратын жастардың және пара алатын лауазымды тұлғалардың беделін түсіріп қана қоймай, билік жүйесінің, сонымен қатар бүкіл әлеуметтік жүйенің құлдырауына әкеп соғуымен қауіп тудыруды. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері қаншама заңнамалар қабылдап жатыр, алуан түрлі іс-шаралар үздіксіз өткізіліп жатса да, бұл келеңсіз құбылыстың жолы кесілмей келе жатыр.

Бүгінгі кезеңде жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың таралуына:

- жастардың жұмыссыздығы;
- жастардың құқықтық санасы мен білімінің төмен болуы;
- жастардың өз-өзіне сенбеушілігі;
- жастардың санасына сыбайлас жемқорлық ұғымының дендеуі;
- баспана мәселесі;
- елдегі әлеуметтік ахуалдың әлі де болса төмендігі;
- билік құрылымдарының жауапсыз іс-әрекеттері;
- осы саладағы тиісті заңнаманың өз деңгейінде орындалмауы;
- қоғамда демократиялық дәстүрлердің сақталмауы, сот жүйесіндегі әділетсіздіктер және т.с.с. көптеген себептер әсер етуде. Әсіресе, жастардың сыбайлас жемқорлық құбылыстарына немқұрайлы қарауы мен пара берушілікке бой алдыруы үрдіске айналып отыр.

Сондықтан жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің толық қалыптасуы үшін мынадай шарттар қажет:

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		57 беттің 32 беті

- сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін аса қауіпті қоғамдық дерт деп тану;
- мемлекеттің түрлі салаларында жемқорлықтың алдын-алу;
- жемқорлық көріністерін анық ажырата білу;
- әр адамның пара беру және пара алуға қарсылығы, заңдардың орындалуына үлес қосуы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің болуы әр адамның құқықтық сауаттылығына да байланысты, ол үшін мемлекеттегі заңнамаларды жақсы білу әр адамның өз іс-әрекетіне деген сенімділігін нығайтады.

Жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті оның азаматтық белсенділігін көрсетеді және оның құқықтарын, қауіпсіздігі мен құқықтық қорғалуын іске асыруға ықпал етеді. Сөйтіп, осы дерттің жойылуына үлес қосуына алып келеді. Мұның өзі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің азаматтардың саяси белсенділігін көтеруге ықпал ететінін көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат
Дәрістер, семинарлар, конференциялар, форумдар, конкурстар.	ЖОО-да “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет” пәні.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы медиаөнім (аудио, видеороликтер, брошюралар, баннерлер, муралдар, спектакльдер және т.б.
Қоғамдық АӨК кеңесін және аймақтық БАҚ үйлестіру.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқу курстары (онлайн, офлайн)	Аймақтардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар координациясы.
Азаматтық қоғаммен өзара әрекеттесу ҒӨБ (НПО), дін, бизнес және т.б.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру бойынша әдістемелік материалдар (адалдық әліппесі, парасатылық сағаты)	Социологиялық өлшеулер, ғылыми зерттеулер.

Иллюстрациялы материалдар: презентация

<https://ppt-online.org/165433>

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Лекционный комплекс по дисциплине- основы антикоррупционной культуры [Текст] : лекционный комплекс / История Казахстана и социально-общественных дисциплин. - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 83 с.

Қосымша:

Жанысбеков, М. А., Абдурахманов Н.А., Еркінбекова Ә.С. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу-әдістемелік құрал / - Қарағанды: АҚНҰР, 2016. – 198бет

Электрондық ресурстар:

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 33 беті

1. Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс] : учебное пособие / под ред. Б. С. Абдраилова. - Электрон.текстовые дан. (702Мб). - Астана : Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с

2. Основы антикоррупционной культуры. Учебное пособие /М.М.Кулбаева. Алматы,2019.-122 с. <https://aknurpress.kz/reader/web/2000>

3. Основы антикоррупционной культуры : учебно-методическое пособие / М. А. Жанысбеков, Н. А. Абдурахманов, А. С. Еркинбекова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 198 с. <https://aknurpress.kz/reader/web/1304>

6. Бақылау сұрақтары: (Feedback кері байланысы)

1. "Сыбайлас жемқорлық" терминіне қысқаша анықтама беріңіз.
2. Сыбайлас жемқорлық тарихына қысқаша шолу жасаңыз.
3. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың қазіргі жағдайын талдаңыз.
4. Сыбайлас жемқорлықты зерттеудегі 3 негізгі теориялық және әдіснамалық тәсілдерді анықтаңыз.
5. Пара дегеніміз не?
6. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана" дегеніміз не?
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет дегеніміз не?
8. Жоғары білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қандай шаралар қабылдау қажет?

№6 дәріс.

1. Тақырыбы: Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қалыптасуы.

2. Мақсаты: білім алушылардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қалыптасуын меңгеруі.

3. Дәріс тезистері:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың конституциялық негіздері.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қалыптасуы мен даму кезеңдері.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың конституциялық негіздері.

Қазақстанда республикалық референдум ,нәтижесімен 1995 жылы 30 тамызда арқылы еліміздің тұғырлы болуын құқықтық қамтамасыз ететін Ата Заңы - Конституция қабылданды.

Кейбір елдерде елді басқаруда діни заңдарға сүйенеді, Шығыстың кейбір мемлекеттерінде ислам қағидаларына сүйенсе, ал батыс елдерінде англо-саксондық немесе Рим құқығына негізделеді.

Конституция мемлекеттің тұғырлы, құқықтық негізін басшылыққа ала отырып, жарғылар, нормативтік құқықтық актілердің бағынатындығымен ерекшеленді.

Қоғамдағы азаматтық қарым-қатынастарды, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени қатынастарды реттеуде қазақ халықының ертеден келе жатқан жазылмаған Ұлы Дала заңының ережелері ретіндегі күнделікті тыныс-тіршілікті, мемлекеттік басқаруды қамтамасыз етіп отырған тәртіпке бағындырар заңдары қалыптасқан. Қоғамдағы тәртіпті сақтаудың алтын ережесі ежелгі көшпенділердің ұлы мемлекеттері атанған сақ, ғұн және одан берідегі түркілер өркениетіндегі мемлекеттік әділеттілік пен биік адамгершілік қағидаларына негізделген құқықтық заңдарды атауымызға болады. Ата заң – Конституцияның қызметі мемлекеттің ішкі және сыртқы қарым-қатынастарының жалпыадамзаттың құндылықтарға негізделе отырып, мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 34 беті

Конституция құндылығы мен маңыздылығын анықтайтын белгілер оның демократиялы, зайырлы және президенттік басқаруға негізделуі Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы қарым-қатынастарда абыройы мен беделін арттыруды қамтамасыз етеді.

1995 жылғы Конституцияның 12-бабында адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылғандығы, олардан ешкім айыра алмайдығы мен заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыларды негізге ала отырып, айқындалады.

Ата Заңымыздың тәуелсіз мемлекетіміздің егемендігі мен құқықтық құрылысын, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары паш етілген, Республиканың жоғары мемлекеттік органдарын тағайындайтын негізгі конституциялық саяси-құқықтық актісі болып табылады.

Конституция егеменді еліміздің тұрақтылығын үш негізгі ұстанымғы: саясат, құқық және экономиканың үйлесімділігін қаматамсыз етіп отырады. сонымен бірге еліміздің ішкі тұрақтылығы мен сыртқы қарым-қатынастардағы абыройына нұқсан келтірмеуді қамтамасыз етудегі саясатты жүргізуге кепіл болады. Көлеңкелі бизнес пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы іс-қимылдарды реттеу тетіктерін іске қосады.

Конституцияға әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени дамудағы өзгерістерді ескере отырып, оның мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырады. Қазақтың тарихи-мәдени құқықтық жүйелерін жаңғыртуда алқабилердің қатысуымен сот ісін жүргізу туралы ережені 1998 жылғы негізгі заңға енгізілген болатын. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауын қамтамасыз ету және оларды құқық қолдану процесінде тиімді қорғауда Конституциямыз кепілдік береді. конституцияның қызмет ету аясы егемендігін жариялаған мемлекеттің территориясында қызмет етеді және халықаралық қарым-қатынастарда егеменді мемлекет ретінде өзінің тәуелсіз шешімдер қабылдайтындығын негіздейді. Қазақстан азаматтары қай елде болмасын өз еліміздің Негізгі заңына сәйкес Қазақстан Республикасының қорғауында болады.

Қазақстанда қызмет ететін барлық басқа нормативтік құқықтық актілердің нормалары мен ережелері Конституцияның құқықтық мәртебеге ие нормалары мен ережелеріне қайшы келмеуі шарт және бағынуы міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесінің қарастырылуы Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларын талдау оның негізгі ережелері негізге алып отырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі құқықтық тетігі, бағдарламасы бола отырып, конституциялық ережелерімен айқындалады:

- Қазақстан Республикасының Негізгі Заңы бар, егеменді президенттік басқаруға негізделеді және барлық істер мен даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының негізінде және қатаң түрде шешіледі, сот төрелігі тек соттар арқылы ғана жүзеге асырылатындығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелермен тікелей байланыстылығын айғақтайды;

- мемлекеттік биліктің әрбір жоғары органының тежеу және тепе-теңдік жүйесіндегі миссиясын елдің мемлекеттік аппаратындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға негіз болатын Негізгі заңымыздың қисынды құрастырылуы айғақтайды;

- адам құқықтары мен бостандықтары мен азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді ресми жарияланып отыруы сыбайлас жемқорлықты алдын алудың алғышарттарын айғақтайды;

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 35 беті

- заңмен реттелетін маңызды қоғамдық қатынастардың шеңберінде тіпті барлық төменгі деңгейдегі басқару құрылымдарынан бастап Парламенттің үкіметтің есептеріне дейін бақылаудың болуы, тіпті мақұлдау құқығының болуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алудағы Негізгі заңымыздың тәуелсіздігін айғақтайды;
- заңдарды нақты және мінсіз орындауда барлық азаматтардың, төменгі деңгейден бастап жоғары лауазымдыларға дейін негізгі заң алдында тең екендігін айқындайтын құқықтардың берілуі мен үкіметтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарын жүргізудің құқықтық мәртебесін айқындайды;
- Конституциялық Соттың барлық деңгейдегі сот органдарының жауап беретіндігі мен құқықтық мәртебесінің анықтығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдардың мазмұнын айғақтайды;
- елдегі сот билігінің конституциялық негізі, оның ішінде судьяларды сайлау және тағайындау тәртібіндегі ережелердің құқытық реттелуі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды айғақтайды;
- жергілікті мемлекеттік басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Негізгі Заңдағы көрсетілген құқықтық негіздеріне сүйене отырып әрекет етуді айғақтайды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конституцияның ел Президентінен бастап барлық басқару құрылымдарындағы мемлекеттік немесе квазимемлекеттік басқару орындарында отырған лауазымды тұлғалардың қол қойған актілердің заңдылығы үшін заңды жауапкершілігін белгілеуде Негізгі заңда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды айғақтайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қалыптасуы мен даму кезеңдері.

Сыбайлас жемқорлық қоғамның іріп шіруіне негіз болатын қауіпті дерт ретінде мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдердің тиімділігіне теріс әсер етіп, ел экономикасының моральдық принциптеріне нұқсан келтіріп, азаматтардың мемлекетке деген сенімін төмендетеді. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа негізделген сот төрелігі адамгершілік қағидаттарына негізделген Негізгі заңды бұзуға алып келеді.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 Заңының 1-бабының 6-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа «мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген тұлғалардың, лауазымды тұлғалардың өздерінің қызметтік (қызметтік) өкілеттіктерімен байланысты мүмкіндіктерін жеке немесе делдалдар арқылы өздеріне немесе үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) жеңілдіктер мен артықшылықтар алу немесе алу үшін заңсыз пайдалануы, сондай-ақ сатып алу» деп анықталған.

Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздігіне төнген тікелей қауіп екенігін көптеген мемлекеттік бағдарламаларында айқындалған және кеңестік одақтан бөлініп шыққан соң, Қазақстан посткеңестік елдердің ішінде бірінші болып заңнамалық базасын қалыптастыруға кірісті. Себебі Кеңес одағы тарғаннан соң, бұрынғы кеңестік құқықтық жүйе жаңадан қлаыптасқан нарықтық қатынастарды реттеуге сәйкес келмеді, егеменді еліміздің даму бағытын

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 36 беті

анықтайтын және оны құқықтық қамтамасыз ететін жаңа Заңның қажеттілігі туындаған болатын және осы талаптарға жауап беретін жаңа Негізгі заң қабылданды. Посткеңестік дәуірде қираған экономиканы ретке келтіруде әртүрлі қылмыстық топтар аренаға шыға бастады, жекешелендіру саясатын жүргізуде ұйымдасқан қылмыс, сыбайлас жемқорлық, паракорлық, кісі ұрлау мен өлтіру фактілері көбейді, міне осындай жағдайларды болдырмау мен жою және алдын алу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сасатты жүргізудің өзектілігі айқын болды.

Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін елдің ішіндегі ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу мақсатында арнайы органдар құруды қолға алды және экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге, оның ішінде сыртқы сауда саласындағы өзгерістер мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу аталған органдардың қызметі болды. Елдің экономикасы саласындағы құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық құбылыстары республикалық автоматтандырылған дерекқорына сақталынды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық базасын құру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен онымен үздіксіз күрес жүргізудің мақсаттары мен міндеттері айқындалды.

1992 жылғы 17 наурыздағы № 684 Жарлығында ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жолдары қарастырылды. Осы уақыттар аралығында Кеңестік одақтан иесіз қалған заводтар мен кәсіпорындар, фабрикалардың жаңадан басшылары болып қылмыстық топ басшылары келе бастады, заңды белден басып мемлекеттік мүлікті талан таражға салды, өте арзан бағамен ірі кәсіпорындарды сатып ала бастады, сатып алуда мемлекеттік лауазымды тұлғалармен сыбайласып қылмыстық іс-әрекеттерге бару басым болды. Бұл қабылданған Жарлықтың құқықтық реттеушілік қызметі айқындалғанымен оның ретту тетіктері және сыбайлас жемқорлық ұғымына нақты айқындама берілмеген еді.

1997 жылғы 5 қарашада мақсатында "Ұлттық қауіпсіздікті нығайту, ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту жөніндегі шаралар туралы" № 3731 қабылданған Жарлықта егеменді еліміздің тұғырлылығын сақтау мен дамуында әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени даму бағдарламаларын айқындау маңыздылығы арта түсті, себебі идеологиясы нақтыланған, бағыт-бағдары айқын мемлекетте сыбайлас жемқорлық, көлеңкелі бизнес, нашақорлық, лудомания өршімейді. Осыған байланысты алдыменен қазақстанның дамуының 2030 жылға одан ары 2050 жылдарға арналған стратегиялық бағдарламасының өзегі елдің қауіпсіздігін кепіл болатын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мазмұны да анықталып отырды. Бағдарламаларда анықталған нақты екі қылмыс: ұйымдасқан қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес деп анықталды. Алғашқы егемендік алған жылдары 5 жылға жуық сыбайлас жемқорлықтың алдын алу туралы Заңдар, Қаулылар, жарлықтар, шешімдер жарияланып, жемқорлық ұғымын анықтау жылдарына арналса, ал 1998 жылдан бастап нақты осы ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлықпен күрес әдістемесі қарастырыла бастады, осыған сәйкес, 1998 жылғы 2 шілдедегі "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының N-267 Заңы қабылданып, Заң шеңберінде мемлекеттің қауіпсіздігі қамтамасыз етіле бастады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізудің үшінші кезеңі 2001-2004 жылдарды қамтыды және қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы жүзеге асыру

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 37 беті

қолға алынып, оған мемлекеттік саясат мәртебесін алды. "Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыс", "лауазымды тұлғалар", "сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыс субъектілері", "ұйымдастырушылық-әкімшілік функциялар", "мүліктік артықшылықтар мен басымдықтар" ұғымдары айқындайтын нормативті құжаттар жарияланды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында 2002 жылы этикалық комиссия құрылып, жұмыс жүргізе бастады. Аталған комиссияның міндеті қызметтік әдеп пен есептілігін арттыруға бағытталған үйлестірілген шараларды әзірлеу және жүзеге асыру болды.

2004 жылы 29 қаңтарда Қазақстан Республикасының экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) туралы ереже бекітіліп, Агенттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында өз қызметін бастады. Экономикалық, қаржылық және сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, анықтау, ашу және тергеу жұмыстары қызметін атқарды.

2005 жылғы қабылданған "Мемлекеттік Қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабы 4-тармағының 6-2-тармақшасында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адам мемлекеттік қызметке жіберілмейтіндігі назарға алынды.

Еліміздің қауіпсіздігін күшейту мақсатындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қалыптастырудың төртінші кезеңі 2005-2014 жылдар аралығын қамтыды. Мемлекеттік сатып алу және салық саясаты салаларын реттеу, сыбайлас жемқорлықты жою, жекешелендіру процесінің ашықтығын, жер қойнауын пайдалану мен жер қатынастарын нығайтудағы бюджет шығыстарының тиімділігі мен ашықтығы қағидаттарына негізделген электрондық мемлекеттік сатып алуларды бақылау мен қадағалау, жемқорлыққа жол бермеу, алдын алу шаралары іске асты. 2005 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс Кодексін бекітілуі қоғамдағы сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізудің бағдарламалық тұрғыдан қамтамасыз етілгендігін байқатады.

Нарықтық экономикаға негізделген қатынастардың өзгерістерге ұшырауына байланысты 2009 жылы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауы күн тәртібіндегі өзекті мәселерге арналды.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасы мазмұнында құқық қорғау органдары, азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылын дамыту арқылы қоғамның дерті – сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізудің әдістерін жетілдіру мәселелері қарастырылды.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында келесі бағыттар анықталған:

- мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- қоғамдық бақылау институтын енгізу;

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 38 беті

- квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- сот және құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың бесінші кезеңі 2015 жылдан қазіргі кезең арлығын қамтиды. Бұл кезеңде халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының стандарттарын жақсартуға және әкімшілік кедергілерді азайтуға бағытталып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік сананы қалыптастыру мақсаты жүзеге асырла бастады. Осыған сәйкес, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015-жылғы 18-қарашадағы № 410 – V ҚР Заңы қабылданып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу (превенциялық) жұмыстарды жүзеге асыру мақсатын қойды, 2018-2020-жылдарда кезең-кезеңімен жүзеге асыру көзделді: тәуелсіз сот төрелігін нығайту, әлеуметтік зерттеулердің тиімділігі мен жариялылығын арттыру, сот жүйесіне ақпараттық технологияларды пайдалануды арттыру, халықаралық ынтымақтастықты арттыру, сот істеріне бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасауды күшейту болды.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған мемлекеттік тұжырымдамасы Қазақстан Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығымен бекітілді. Тұжырымдамада:

- «тұрмыстық» сыбайлас жемқорлық;
- бюджеттік процестер мен сатып алулардың «жабықтығы»;
- экономиканың мемлекеттік құрылымдарға тәуелділігі;
- басқарушылық саладағы кедергілер, дискрециялық нормалар және т.б.

Оларды шешу үшін Тұжырымдамада нақты реформалар мен жобаларды қамтитын міндеттері:

1. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік сананы қалыптастыру.
2. Сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін болдырмау немесе азайту
3. Жауапкершілікті сезінуі.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте азаматтық қоғам белсене қатысуы.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мониторингтеу.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 39 беті

6.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметінің белсенділігін арттыру және жандандыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйенің дамуы

1992ж.- егеменді мемлекетіміздің алғашқы сыбайлас жемқорлыққа қарсы "Ұйымдасқан нысандағы қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралары туралы" № 684-Жарлығының қабылдануы

1998ж. - тәуелсіз мемлекетіміздің қауіпсіздігін арттырудағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңының қабылдануы.

2004ж. - тәуелсіз мемлекетіміздің халықаралық аренада мемлекетіміздің қауіпсіздігін арттырудағы ЭЫДҰ-ның Стамбул іс-әрекет жоспарына қосылуы.

2008 ж. - егеменді мемлекетіміздің БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялауы.

2015 ж.- тәуелсіз мемлекетіміздің қауіпсіздігін арттырудағы ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" жаңа Заңды қабылдауы.

2019ж.- сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүзеге асыру тетігі ретінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің құрылуы.

2020ж. - тәуелсіз мемлекетіміздің халықаралық аренада беделін арттыру мақсатында Еуропа Кеңесінің (Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобы) ГРЕКО-ға кіруі. ГРЕКО – Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресіне қатысуы.

2020 ж. - 16 қаңтарда Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүзеге асыру тетігі ретінде ГРЕКО-ға қосылды. 2022 жылғы 25 наурызда ГРЕКО сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған әрі 27 ұсынымды қамтитын ҚР бағалау туралы есепті бекітіп берді.

4. Иллюстрациялы материалдар: презентация

https://ombudsmanbiz.kz/uploads/15_7.pptx

5.Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Лекционный комплекс по дисциплине- основы антикоррупционной культуры [Текст] : лекционный комплекс / История Казахстана и социально-общественных дисциплин. - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 83 с.

Қосымша:

1.Жанысбеков, М. А., Абдурахманов Н.А., Еркінбекова Ә.С. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу-әдістемелік құрал / - Қарағанды: АҚНҰР, 2016. – 198бет

Электрондық ресурстар:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 40 беті

1. Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс] : учебное пособие / под ред. Б. С. Абдрасилова. - Электрон.текстовые дан. (702Мб). - Астана : Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с

2. Основы антикоррупционной культуры. Учебное пособие /М.М.Кулбаева. Алматы,2019.-122 с. <https://aknurpress.kz/reader/web/2000>

3. Основы антикоррупционной культуры : учебно-методическое пособие / М. А. Жанысбеков, Н. А. Абдурахманов, А. С. Еркинбекова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 198 с. <https://aknurpress.kz/reader/web/1304>

6. Бақылау сұрақтары: (Feedback кері байланысы)

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат дегеніміз не?

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері қандай?

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат субъектілеріне кім жатады?

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты дамыту кезеңдері қандай?

5. ҚР Конституциясы қазіргі құқық жүйесінде қандай орын алады? ҚР Конституциясына сипаттама беріңіз.

6. Қазіргі шындықтағы сыбайлас жемқорлықтың мәні неде?

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар субъектілерінің шеңберіне кім жатады?

7. Ұйымның конвенциясын ратификациялау нені білдіреді

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы?

8. Стамбул жоспарының ұсынымдарын іске асырудағы Қазақстанның рөлі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.

9. Республиканың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының мәні мен маңызы Қазақстан 2015-2025 жылдарға арналған.

№7 дәріс.

1. Тақырыбы. Экономикалық теорияның пәні және зерттеу әдістері. Нарық және оның реттеу механизмі.

2. Мақсаты: білім алушылардың нарықтың пайда болу себептері, нарық құрылымы мен инфрақұрылымы түсініктерімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

1. Нарықты қалыптастырудың объективті негіздері. Нарық субъектілері мен объектілері.

2. Нарықтың мәні мен түрлері. Нарық құрылымы және оның жіктелуі.

3. Нарық инфрақұрылымы. Қазіргі нарық инфрақұрылымының негізгі элементтері. Нарықтық экономиканың артықшылықтары мен кемшіліктері.

4. Бәсеке: түсінігі және түрлері. Медициналық қызмет нарығындағы бәсеке.

Нарық–бұл экономикалық проблемаларды тиімді шешуді қамтамасыз ететін тауарларды өндіру және оларды ақшаның көмегімен айырбастау процесінде туындайтын экономикалық қарым-қатынастардың жиынтығы, шаруашылықты ұйымдастыру формасы.

Ұзақ экономикалық даму барысында адамдардың келесі экономикалық проблеманы шешудің нәтижесінде нарық пайда болған: сирек, шектелген ресурстар-әртүрлі игіліктерге деген адамның шексіз қажеттіліктері. А.Смиттің ойы бойынша, нарықтың пайда болуы, экономикалық ресурстардың сиректігі мен адамның өндірістік мүмкіндігінің шектелуінің салдарынан болған деп түсіндірген. Кез келген маманданған адам белгілі бір салада ғана өнімді тиімді өндіреді, ал оның қажеттіліктері миллиондап есептеледі.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 41 беті

Нарық субъектілері: үй шаруашылығы, фирмалар және мемлекет ретінде қарастырылады,

Үй шаруашылығы (жанұя)-бұл бір немесе бірнеше тұлғадан тұратын экономикалық бірлік.

Фирма-бұл сату мақсатымен өнімді шығару үшін өндіріс факторларын қолданады, пайдасын максимизациялауға ұмтылады, өздігінен шешім қабылдай алатын экономикалық бірлік болып табылады. Олар: кәсіпорындар, ұйымдар, ассоциациялар, кооперативтер, акционерлік қоғамдар немесе заңды тұлғалар.

Мемлекет қоғамдық мақсатты қамтамасыз ету үшін шаруашылық тұлғалары мен нарықты бақылауды қамтамасыз ету үшін заңды және саяси билікті іске асыратын үкімет мекемелерінен тұрады.

Нарықтық шаруашылықтың объектілері болып: тауарлар мен қызмет көрсетулер, өндіріс факторлары (еңбек, жер, өндіріс құралдары), ақша, бағалы қағаздар және т.б. болып табылады.

Нарық қоғамдық еңбек бөлінісімен келісілген және шаруашылық субъектілерімен шеттелген тауарлы өндіріс дамуының табиғи-тарихи процесс нәтижесі.

Нарық көпжақты, оны әр түрлі жағынан зерттеуге болады. Сондықтан да экономикалық әдебиеттерде оның көптеген анықтамалары бар. Сатып алу және сату көзқарасы бойынша нарық сұраныс пен ұсыныстың, өндіруші мен тұтынушының өзара әрекетінің сферасы ретінде қарастырылады.

Экономиканы ұйымдастыру көзқарасы бойынша нарықты экономиканың іс-әрекет етуінің қоғамдық формасы деп атайды.

Нарықтық қатысушы тұлғалар позициясы бойынша нарықты шаруашылық тұлғаларының арасындағы қоғамдық байланыс формасы деп атайды.

Сонымен, **нарық** – бұл ұдайы өндірістің барлық буынында: өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну аясында сату және сатып алу арқылы жүзеге асырылатын ұйымдық-экономикалық қатынастардың жүйесі.

Нарық маңызды қызметтерді атқарады:

- біріншіден, нарық арқылы қоғамдық өндірісті реттеуді іске асырады, яғни не өндіру керек, қалай өндіру керек, кім үшін өндіру керек деген мәселелер шешіледі;
- екіншіден, нарық арқылы өндірушілер мен тұтынушылар байланысы бекітіледі. Нарықтың әрбір қатысушысы бір уақытта сатушы да, сатып алушы да болып табылады. Олар өздерінің өміріне немесе тауарды өндіруіне қажетті заттарын сатып алады, ал нарықта өндірген өнімін немесе мүлігін, жұмыс күшін сатады;
- үшіншіден, нарық арқылы өнімді өндіруге кеткен шығындарды есептеу жүргізіледі. Нарық не өндіру керек екенін анықтап қана қоймайды, ол өнім өндіру үшін қоғам қанша шығын шығаратынын да анықтайды. Егер шығын жоғары болса, онда оны сатып ала алмайды және болашақта ол өндірілмейді. Сондықтан нарыққа шығыстарын жабатын баға бойынша сатылатын өнімдер ғана түседі;
- төртіншіден, нарықтың маңызды қызметі болып баға бекіту табылады. Баға сұраныс пен ұсыныстың әсерінен ауытқып отырады. Егер нарықта бір тауардың саны сұраныстан асып кетсе, оған баға түседі, төмендейді, осыған сәйкес осы тауардың өндірісі мен ұсынысы да төмендейді. Керісінше, жоғары баға өндірісті ынталандырады, бұл өсім сұраныс пен ұсыныстың арасында тепе-теңдік орнағанша болады, бұл жерден тепе-теңдік баға шығады;
- бесіншіден, нарық өндірушілерді әлеуметтік жіктейді. Бәсеке процесінде өнімді өндіруге кетірген шығыны нарықтық бағадан аз болса ғана фирма ары қарай тіршілік ете алады. Егер

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 42 беті

шығыны бағадан жоғары болса, онда ол зиянға ұшырайды. Өндірушілерді дифференциалдау тиімді фирмалардың дамуы мен тиімсіздерінің жойылуын білдіреді.

Нарықтың құрылымы әртүрлі белгілері бойынша жіктеледі. Олардың маңыздылары мыналар:

1. Нарықтық қатынастар объектілерінің экономикалық қызметі бойынша тауар мен қызмет нарығы, өндіріс құралдары, еңбек, инвестиция, бағалы қағаздар, қаржы нарықтары болып бөлінеді.
2. Географиялық орны бойынша жергілікті, ұлттық, аймақтық және әлемдік болып бөлінеді.
3. Бәсекені шектеу дәрежесі бойынша: монополиялық, олигополиялық, еркін, аралас деп аталады.
4. Салалар бойынша автомобиль, астық және т.б. болып бөлінеді.
5. Сату сипаттамасы бойынша: бөлшек және көтерме деп қарастырады.

Қазіргі кезде нарық дамыған инфрақұрылымсыз, яғни қосалқы көмекші салалар мен ұйымдарсыз мүмкін емес.

Нарықтың **инфрақұрылымы**-бұл нарықтық қатынастардың қызмет етуін табысты қамтамасыз ететін мекемелер, мемлекеттік және коммерциялық фирмалардың жиынтығы.

Нарықтың инфрақұрылымының үш түрін бөлу қабылданған: тауар және қаржы мен еңбек нарығы.

Тауар нарығының инфрақұрылымы тауар биржаларымен, бөлшек және көтерме сауда кәсіпорындарымен, жәрменкелермен, биржалық емес сипаттағы делдал фирмалармен көрсетілген.

Қаржы нарығының инфрақұрылымының құрамына қор және валюта биржалары, банктер, сақтандыру компаниялары мен қорлары жатады.

Еңбек нарығының инфрақұрылымының құрамына еңбек биржалары, жұмыспен қамтамасыз ету қызметі мен кадрларды қайта дайындау, жұмыс күшінің миграциясын реттеу және т.б. кіреді.

Сонымен қатар нарықтың табысты қызмет етуі жарнамасыз, ақпаратсыз, бакылау және ревизия мекемелерінсіз мүмкін емес.

Жарнама – бұл тауар мен қызметтер туралы ақпараттарды оларға сұранысты көбейту мақсатымен тарату. (латын тілінен *reclamo*-айқайлаймын).

Ақпарат (латын тілінен *information*-түсіндіру) бұл нарықтың жағдайын талдау мен болжау үшін қолданылатын мағлұматтар.

Аукцион (латын тілінен *auction*-жұрт алдындағы сауда)-бұл тауарларды сатып алушылардың арасындағы жарыс жағдайында сату. Аукционның жеңушісі, тауарға деген құқыққа ие болушы болып ең жоғарғы баға ұсынған адамды атайды.

Жәрмеңке (неміс тілінен *sahrmart*-жыл сайынғы нарық)-бұл белгіленген уақытта белгілі бір орында мезгілімен қызмет ететін ұйымдастырылған нарық.

Биржа (латын тілінен *Bursa*-кішкене қалта)-бұл стандартты көтерме сауда нарығы немесе валютаны, бағалы қағаздарды және жұмыс күштерін сату-сатып алу операциялар нарығы.

Сауда затына байланысты тауар, қор биржалары және еңбек биржасы болып бөлінеді.

Тауар биржалары бұл материалдық, заттық объектілердің: шикізат, құрал, астық, металдардың ұйымдасқан нарығы.

Қор биржалары – бұл бағалы қағаз нарығы, әсіресе облигацияны белгілеген бағамен сату-сатып алу шарттары жасалатын нарық.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 43 беті

Еңбек биржасы – арнайы тауар ретінде жұмыс күшін сату және сатып алу процесін ұйымдастырумен маманданған. Олар жалданушы мен жалдаушының арасындағы делдал ретінде сипатталады. Олардың қызметтері: жұмыссыздар мен кәсіпорындағы бос жұмыс орындарын көрсету; жұмыссыздарға материалдық көмек көрсету, жұмысшылардың қайта дайындықтан өтуі мен біліктіліктерін жоғарылату.

Нарықтық экономиканың негізгі ерекшелігі еркін таңдау: өндіруші үшін өндірілетін өнімді таңдау еркі, тұтынушыға тауарды алуда, жұмысшыға жұмыс орнын таңдау еркі айтылады. Бірақ, еркін таңдау экономикалық табысты өзінен-өзі қамтамасыз ете алмайды. Ал оны бәсекелестік күресте ғана жеңіп алады.

Бәсеке (латын тілінен concurred-қақтығысу) бұл нарықтық экономиканың қатысушыларының арасындағы тауарларды сатып алу және сату барысында, өндірістегі ең жақсы жағдайлары үшін бақталастық.

Нарықтық қатынастардың қатысушыларының өзара қалай бәсекелесуіне байланысты жетілген (еркін) және жетілмеген бәсеке нарығы деп бөлінеді.

Жетілген бәсеке дегеніміз нарықта бір-біріне тәуелсіз көптеген сатушылар мен сатып алушылар қызмет ететін және тең мүмкіндіктері мен құқықтары бар бәсекенің идеалды бейнесін айтады.

Жетілген бәсекенің негізгі белгісі: әрбір фирманың үлесі жалпы өнімге шаққанда аз болғандықтан, ешқайсысының бөлшек бағаға әсері өте төмен болады. Ұсыныс бағалары төменгі шекте теңеледі.

Жетілген бәсеке толық түрде болмайды. Оған тек жуық шамада жақындауға болады. Еркін бәсеке деп XIX ғасырдың ортасында болған бәсекені шартты түрде айтуға болады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап ФТП-ң әсерінен өндірісті шоғырландыру жүріп жатыр, ол ірі және аса ірі кәсіпорындардың, яғни монополияның құрылуына әкеп соқты.

Жетілмеген бәсеке деп еркін бәсекенің шарттарының кем дегенде біреуі орындалмайтын нарықты атайды. Жетілмеген бәсеке үш типке бөлінеді: монополиялық бәсеке, олигополия, таза монополия.

Монополиялық бәсеке кезінде нарықта сатушылар мен сатып алушылардың саны бірнешеу болады. Бірақ жаңа құбылыс пайда болады, өнімнің дифференциациясы, яғни өнімнің даярлығы оны басқа бәсекелестің ұқсас тауарларынан айырып тұратын қасиетінің болуы. Ондай қасиеттер: өнімнің жоғарғы сапасы, әдемі орам, сатудағы жақсы шарттар, дүкеннің жағымды орынға орналасуы, жоғары деңгейдегі сервис және т.б. болып табылады.

Осындай артықшылықтарға ие бола отырып, дифференциалданған өнімнің иесі белгілі бір деңгейде монополист болады және бағаға әсер ету мүмкіндігіне ие. Бірақ, әрбір сатушының сату көлемі жоғары болмағандықтан, бірде монополист фирмалар көп болады да, олардың әрбіреуі нарықтық бағаны шектеген түрде бақылай алады, бұл монополиялық бәсекенің ерекше белгісін көрсетеді.

Олигополиялық бәсеке дегеніміз бірнеше фирма үстемдік ететін нарық. Оған біртекті немесе әртүрлі өнімді сипаттама тән, ал басты белгісі баға лидердің принципі бойынша бекітіледі. Бұл принцип көптеген фирмалардың бағаны осы нарықтағы мықты фирманың бағасы сияқты қоюға ұмтылатынын білдіреді.

Таза монополия нарықта ешқандайсыз бәсекелестерсіз бір ғана сатушы болған кезде пайда болады. Оның ерекшелігі, сатушы өз бағасын өте кең шектікте ауыстыра алады, ал максималды жоғары баға тек көлем қабілеттік сұраныспен шектеледі. Кейбір жағдайда нарықта тек бір ғана сатып алушы болады. Ол **монопсония** деп аталады.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 44 беті

Монополияның рөлі экономикада екі жақты. Оның жақсы жағы монополиялық компаниялардың өнімдері жоғары сапасымен ерекшеленеді, ал ірі масштабты өндіріс шығындарды азайту мен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Жаман жағы монополия нарықта үстемдік етеді және монопольды жоғары баға арқасында жоғары пайда ала отырып, өнімді шығаруды шектейді. Сонымен қатар, бәсеке жоқ жағдайда, монополия техникалық прогресс есебінен тиімділікті жоғарылату ынтасын жоғалтады.

Осыны ескере келе, мемлекет бәсекені қолдай отырып, монополизмге қарсы тұруға ұмтылады. Бұл үшін маңызды құрал болып антимонополиялық заңдар қолданады, яғни бәсеке мен монополияның арасындағы тепе-теңдікті мемлекеттік қолдау құралы болып табылатын заңдар пакеті қабылданады.

Антимонополиялық заңдар 1890 жылы АҚШ-та қабылданған. Қазіргі антимонополиялық заңдар екі бағытта жұмыс істейді: бағаны бақылау және компаниялардың қосылуын бақылайды.

Қазақстанда 1996 жылы "Бәсеке және сауда нарығындағы монополиялық қызметті шектеу туралы заң" қабылданды және антимонополиялық саясат бойынша мемлекеттік комитет құрылды.

Нарық артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Оның артықшылықтары:

1. Ресурстарды тиімді бөлу мен пайдалану;
2. Өзгеретін жағдайларға тез бейімделу және икемді;
3. Шығындарды азайту және пайданы көбейту мақсатымен жаңа технологияны қолдану;
4. Шешім қабылдауда, келісім жасауда өндірушілер мен тұтынушылардың тәуелсіздігі;
5. Өртүрлі қажеттіліктерді керекті мөлшерде және жоғары сапамен қанағаттандыру қабілеті.

Нарықтың кемшіліктері:

1. Нарық еңбек пен табысқа құқықтық кепіл бермейді; сонымен қатар нарықтық жүйе теңсіздікті туғызады.
2. Нарық тауарлар мен қызметтерді ұжымдасқан түрде ынта тудырмайды.
3. Нарық әлеуметтік қажетті тауарларды өндіруге емес, ақшасы бар елдердің сұранысын қанағаттандыруға бейімделген.
4. Толық жұмыспен қамтуды қамтамасыз етпейді.
5. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды ендіруді әлсіз ынталандырады.

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация

5. Әдебиет:

Негізгі:

1. Таскымбаева, С. М. Основы экономической теории [Текст] : учеб. пособие / С. М. Таскымбаева, Ф. М. Каратаева. - Караганда : АҚНҰР, 2017. - 200 с
2. Куратко Д. Ф. Предпринимательство: теория, процесс, практика = Entrepreneurship theory, process, practice: учебник / Д. Ф. Куратко. - 10-е изд. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 514 стр.: (Рухани жаңғыру)

Қосымша:

1. Блэк Джон Оксфорд экономика сөздігі = A dictionary of economics / сөздік; Н. Хашимзаде, М. Гарет. - 5th ed. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 608 бет.
2. Шағын бизнестегі менеджмент: кәсіп бастау және венчурді дамыту = Small Business Management: Launching & Growing Entrepreneurial Ventures : оқулық / Г. Лонгенекер [және т.б.] ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Қуанышбекова. - 18-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 704 б.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 45 беті

3. Паркин, М. Микроэкономика [Мәтін] = Microeconomics :оқулық / М. Паркин ; ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз.тіл ауд. Т. Керімбек. - 13-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдыққоры, 2020. - 548 б. С

4. Паркин, М. Макроэкономика [Мәтін] = Macroeconomics :оқулық / М. Паркин ; ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз.тіл ауд. Ү. Кеңесбаева. - 13-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 464 б.

Электрондық ресурстар:

1. Денсаулық сақтаудағы экономика және маркетинг. Төлебаев Ж.С., Сыздықова К.Ш., Маукенова А.А., 2019. Aknurpress <https://aknurpress.kz/login>

2. Макроэкономика. Есиркепова А.М. , 2017. Aknurpress <https://aknurpress.kz/login>
Н.К. Казманов. РМЭБ/<http://rmebrk.kz/>

Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі : "Құқық және экономика негіздері" мамандығының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік кешен. / Құраст. Н.К. Казманов. - Ақтөбе: С. Бәйішев атындағы АУ-нің оқу-әдістемелік бөлімі, 2016. - 132 б

6. Бақылау сұрақтары: (кері байланыс Feedback)

1. Нарықтың пайда болу себептері неде?
2. Қоғамға еңбек бөлінісі не береді?
3. Нарық инфрақұрылымының элементтерін атаңыз.
4. Нарықтың артықшылықтары мен кемшіліктерін атаңыз.
5. Нарықтағы монополияның орны.

№8 дәріс.

1. Тақырыбы. Ұлттық экономика: мазмұны, құрылымы және нәтижесін өлшеу.

Экономикалық өсу және нарықтық экономиканың тұрақсыздығы

2. **Мақсаты:** білім алушылардың ұлттық экономика құрылымы, макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеу әдістерімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері

1. Ұлттық экономиканың құрылымы және оның негізгі мақсаттары.
2. Ұлттық шоттар жүйесі. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер.
3. Экономикалық өсудің мәні, факторлары және түрлері.

Ұлттық экономика құрылымын қарастыруды қоғамдық өндіріс құрылымы түсінігін анықтаудан бастаған жөн. Қоғамдық өндіріс құрылымы деп отырғанымыз, сол мерзімде экономикада әр қилы факторлар ықпалымен, қоғамдық еңбек бөлінісі мен қоғамдық ұдайы өндіріс пропорцияларын сипаттайтын салалардың арақатынасы.

Ұлттық экономика бірнеше ірі өрістерден тұрады: материалдық, материалдық емес өндіріс, өндірістік емес өріс.

Ұлттық экономиканың негізгі құрылымдық бөлігі материалдық өндіріс, онда өмірге және қоғамның дамуына қажетті өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары өндіріледі. Материалдық өндіріске өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік, байланыс және т. б. жатады.

Материалдық өндіріс кәсіпорындарын екі бөлікке бөледі :

- 1) өндіріс құрал-жабдықтар өндірісі;
- 2) тұтыну заттар өндірісі.

Материалдық емес өндіріске ғылыми білім және ақпарат, өнер туындылары (кинофильмдер, кітаптар, спектакльдер), халыққа көрсетілетін қызметтер жатады. Материалдық

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 46 беті

емес өндіріс келесі өрістерді қамтиды: ғылым, өнер және мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау және т.б.

Өндірістік емес өріс игіліктерді өндірумен айналыспайды, бірақ қоғам үшін қажетті. Ол ел қорғанысын, сот және заң ұйымдарын, діни және әртүрлі қоғамдық ұйымдарды қамтиды.

Әр ұлттық экономика келесі негізгі мақсаттарға жетуге ұмтылады:

1. Ұлттық өндіріс көлемінің тұрақты жоғары қарқында өсуі.
2. Баға тұрақтылығы. Ұзақ мерзім уақытында бағаның өзгермеуі жалпы ұлттық өнімнің өсу қарқынын баяулататынын ескеру қажет. Бағаның төмендігі тұтынушы үшін жақсы, бірақ өндірушінің ынтасын жоғалтады. Бағаның жоғары болуы өндірісті ынталандырады, бірақ халықтың сатып алу қабілетін төмендетеді. Сондықтан, практикада баға тұрақтылығын қамтамасыз ету оның ұзақ мерзім уақытқа «мүздатылуы» емес, бағаның реттелген өсуі.
3. Жоғары деңгейдегі жұмыспен қамту. Бұл жағдайда егер қоғам жұмысшылардың тиімді санын жұмыспен қамтамасыз еткен жағдайда жетуге болады. Бірақ толық жұмыспен қамту жұмысқа қабілеті бар халықтың бәрін қамтиды емес, кез-келген мемлекетте қазіргі кезде уақытша жұмыс істемейтін адамдардың тобы бар, мысалы, жұмыс орнын немесе тұрғын орнын ауыстыруға байланысты (фрикциондық жұмыссыздық). Сонымен қатар, әруақытта құрылымдық жұмыссыздық бар. Жаңа жұмыс орындарының құрылымы бар жұмыс күшінің құрылымына сәйкес келмеуінен пайда болатын жұмыссыздық нысанасы болып табылады. Фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздық қосындысы жұмыссыздықтың табиғи деңгейі деп аталады.
4. Сыртқы сауда балансын қамтамасыз ету. Оның мазмұны экспорт пен импорттың арасында теңдікке жету, ұлттық валютаның басқа елдер валютасына тұрақты алмастыру бағамын қамтамасыз ету.

Қоғамдық ұдайы өндірістің пропорциялары өндірістің әр қилы элементтері мен бөліктерінен қалыптасқан арақатынасы және ұдайы өндірістік процестің жеке фазаларының, факторларының, салаларының т.б. арасындағы өзара байланыс пен өзара тәуелділікті сипаттайды.

Экономикалық процестердің арасындағы байланыс белгілі бір сандық пропорциялар арқылы көрсетуге қарай былайша бөлінеді:

1. Жалпы экономикалық қоғамдық ұдайы өндірістің макроқұрылымының элементтерінің арасындағы сандық арақатынас (мысалы, тұтыну мен қор жинау, жалпы ұлттық өнім мен ұлттық табыс, өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттары өндірісі, т. б. арасындағы);
2. Салааралыққа-қоғамдық өндірістің әр қилы салаларының сандық арақатынасы (мысалы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, материалдық пен материалдық емес, т. б. арасында);
3. Ішкі салааралыққа-сала мен өндіріс ішіндегі сандық арақатынасы (мысалы, шойын мен болат, мақта-мата өндірісі, т. б.);
4. Мемлекетаралыққа – ұлттық шаруашылықтар мен әр қилы елдердің жекелеген өндіріс салаларының сандық арақатынасы.

Шаруашылық қызметтің негізгі жалпылаушы көрсеткіші бір жылдық қоғамдық өнім болып табылады. Оны бірнеше анықтауыштар көмегімен көрсетеді: жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ), ұлттық табыс (ҰТ), таза ұлттық өнім (ТҰӨ), жалпы ішкі өнім (ЖІӨ).

Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) – белгілі бір уақытта елдің ішкі ресурстарын қолданумен өндірілген тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны. Өндіріс факторлары осы елдің резиденттеріне тиесілі болуы мүмкін және тек қана өз территориясында емес, шетелде де болады.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		57 беттің 47 беті

Ұлттық табыс – бұл жылдың ішінде жаңа жасалған құны бар өндіріс нәтижесі. Ол ЖҰӨ мен жылдық ішінде оны құруға кеткен материалдық шығындар (амортизация, шикізат, материалдар және т. б.) арасындағы айырмашылық. Шетелдік статистикада оны барлық табыстар сомасы ретінде анықтайды:

1. жалақы, яғни жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбегіне ақы;
2. пайда, яғни жеке шаруашылық, серіктестіктер, кооперативтер, корпорациялар иелері алатын табыс;
3. рента, яғни жерді, ғимараттарды, үйлерді арендаға бергенде үй шаруашылығының алатын табысы;
4. процент, яғни орта капиталына (несие, банкке салым және т.б.) төлем.

Таза ұлттық өнім жалақы, пайда, рента, процент және жанама салықтар сомасы сияқты есептеледі.

Таза ұлттық өнім – бұл ұлттық табыс плюс жанама салықтар, олар ұлттық табысты нарықтық баға бойынша анықтау үшін қосылады.

Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) – фирманың ұлттық құрылымында болуына байланыссыз, сол мемлекеттің территориясында орналасқан қызмет өрісінің және материалдық өндіріс саласының өндірген соңғы тауарлар мен қызметтердің жиынтық құны. ЖІӨ - нің құрамына тек елдің ішінде өзінің меншік өндіріс факторларын қолдану арқылы өндірген қызметтер мен өнімдер жатады. ЖҰӨ мен ЖІӨ арасында белгілі бір айырмашылықтар бар. Мысалы, егер Қазақстанның мұнайы Венгрияда қолданылса, онда бұл мұнайдың құны Венгрияның ЖІӨ -не кірмейді. ЖІӨ -ге халықаралық операциялардан түскен түсімдер кірмегендіктен, ол әр түрлі елдердің экономикалық даму деңгейін салыстыру үшін қолданылады.

Халықтың өмірлік деңгейін сипаттау үшін үш көрсеткіш қолданылады: жеке табыс, қолда бар табыс, таза экономикалық тұрмыс.

Жеке табыс – бұл салықты төлегенге дейінгі жеке тұлғалар мен жанұялардың алатын барлық табысы. Оған алынған табыс плюс жанұялар мен жеке тұлғалардың мемлекеттен алынатын зейнетақы, стипендия, жұмыссыздыққа жәрдемақы және т. б. трансферттік төлемдер кіреді.

Қолда бар табыс – бұл салықты төлегеннен кейін қалатын табыс.

ЖҰӨ мен экономикалық тұрмыс арасында тікелей байланыс бар: ЖҰӨ көп болған сайын, экономикалық тұрмыс жоғары. Бірақ ЖҰӨ тұрмысқа әсер ететін барлық компоненттерді ескермейді. Сондықтан П.Самуэльсон таза экономикалық тұрмысты (ТЭТ) есептеуді ұсынды.

ТЭТ – бұл көрсеткіш қоғамның экономикалық тұрмысын тек бар табыс емес, сонымен бірге өмірлік сапасын есепке алып өлшейді.

Бұр көрсеткішті есептеу әдістемесі: ЖҰӨ - нен қоршаған ортаны ластау, криминалдық жағдаймен және т.б. келтірілетін зиян алып тасталынады. Сонымен қатар, өзіне-өзі қызмет етуден түскен табыс, бос уақыттағы рахаттылық, қоғамдық орындармен қамтамасыз ету және т.б. қосылады. Барлық осы факторлар өмірлік сапаны жақсартыды немесе төмендетеді, бірақ ЖҰӨ-де есептелмейді. Мысалы, жылу орталықтарынан ауаның ластануы, көшелердің түтіндеуі, тұрмысты жақсартпайды, керісінше, өз бетінше жүргізілген жеке сабақтар, саябақтар, үйлер жанындағы жұмыстар, пәтерді жөндеу өмірлік сапаның өсуіне мүмкіндік туғызады, бірақ ЖҰӨ-де есептелінбейді.

Сонымен ұлттық есеп көрсеткіштерін есептеу алгоритмін төмендегідей ретпен көрсетуге болады:

Таза ұлттық өнім (ТҰӨ) = ЖҰӨ - амортизациялық қаражаттар

Ұлттық табыс (ҰТ) = ТҰӨ - бизнеске жанама салықтар

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		57 беттің 48 беті

Жеке табыс = ҰТ - әлеуметтік қамтамасыз ету жарналары – корпорациялар табысынан алынатын салықтар – корпорацияның бөлінбейтін табыстары + трансферттік төлемдер.

Қолда қалатын табыс = Жеке табыс – жеке салықтар.

ЖҰӨ номиналды және нақты фактіге негізделген потенциалды болып бөлінеді.

Номиналды ЖҰӨ деп өндірілген жылдық ағымды бағамен есептегенді айтады. Бірақ бағалар өзгеріп тұруы мүмкін. Сондықтан, баға индексі түрінде көрсетілетін баға деңгейі ЖҰӨ-мен салыстыру үшін әр түрлі жылдарға есептеледі.

Ағымдағы жылдық баға индексі = ағымдағы жылдағы тауарлар бағасы / базалық жылдағы сол тауарлардың бағасы *100%

Тек қана тұтыну тауарларына есептелген баға индексі, **тұтыну бағаларының индексі** деп аталады. Тек қана тұтыну емес, сонымен қатар инвестициялық және басқа тауарлардың бағалар өндірісін сипаттайтын баға индексі **ЖҰӨ дефляторы** деп аталады. Ол нақты ЖҰӨ - ді өлшеу мақсатында ақшалай (номиналды) ЖҰӨ - ді корреляциялау үшін қолданылады.

Нақты ЖҰӨ = номиналды ЖҰӨ / ЖҰӨ дефляторы (баға индексі) *100%

Потенциалды ЖҰӨ - бұл толық жұмыспен қамтылған кездегі өндіріс көлемі. Фактіге негізделген ЖҰӨ бұл **циклдық** жұмыссыздық жағдайындағы өндіріс көлемі.

Ұлттық экономиканың қызмет етуінің жинақтаушы нәтижесі ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының сипаттамасы бойынша Ұлттық есеп агрегаттары қолданылады. 1998ж есеп жүргізудің халықаралық жүйесіне Қазақстан да көшті. Негізгісі және жинақтаушысы ұлттық байлық болып табылады.

Барлық елдің алдында тұрған ортақ мәселе – экономикалық өсу, онда ұлттық экономика дамуы, халықтың өмір сүру деңгейі, ресурстардың шектелуі мәселелері шешіледі.

Кейбір экономистер (Макконнелл, Брю) экономикалық өсуді екі жолмен есептеледі деп санайды:

1. Жалпы ұлттық өнімді өсуін есептеу (немесе таза ұлттық өнім).
2. Осы көрсеткіштердің халықтың жан басына шаққанда өсуі.

Ал кейбір экономистер экономикалық өсуді: өнім мен өндірістік факторлардың тек сандық қана емес, сапалық өсуі деп көрсетті.

Экономикалық өсудің үш түрі бар: экстенсивті, интенсивті, аралас (нақты).

Экстенсивті өсу дегеніміз - қосымша өндіріс факторларын тарту арқылы ұлттық өнімнің көбеюі. Мысалы, 50 жылдары КСРО-да бидай дәнінің өнімінің көбеюі Қазақстанда және Сібірде тың және тыңайған жерлерді игерумен байланысты іске асырылады.

Интенсивті өсу дегеніміз – техника және технологияны толық жетілдіру арқылы ұлттық өнімнің көбеюі. Нақты өмірде өсудің не ана түрі, не бұл түрі болуы мүмкін емес. Олар аралас түрінде келеді.

Аралас нақты өсу - өндіріс қуатының өсуі нәтижесінде өндіріс факторларының пайдаланылу санының өсуі және техника мен технологияның жетілуі.

Экономикалық өсуді есептеу – проценттік жылдық өсу қарқынмен есептеледі.

$ЖҰӨ \text{ өсу қарқыны} = ЖҰӨ_1 / ЖҰӨ_0 \times 100 \%$

$ЖҰӨ_1$ – есепті жылғы ұлттық өнім.

$ЖҰӨ_0$ – базисті жылғы ұлттық өнім.

Қайсысы тиімді қарқындар тиімділіктер варианттары: жоғарғы қарқын, нольдік қарқын, теріс қарқын, қолайлы қарқын.

Жоғарғы қарқын – бір қарағанда тиімді сияқты. Бірақ, біріншіден, өнімнің сапалылығы ескерілуі қажет: егер, жоғарғы қарқынды өндірілетін жарылғыш телевизорлар - әрине жаман.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		57 беттің 49 беті

Екіншіден, өнімнің өсу құрылымы қажет: әскери өнімнің өсуі салыстырмалы салмағынан көп болуы және тұтыну заттарының аз болуы өмір сүру деңгейінен төмендейді, - бұл да жаман.

Өз кезегінде, **нольдік қарқын** экономикалық өсуде негативті сипатқа ие бола бермейді. Тек, егер олар материалдық сыйымдылығы төмендесе, осымен өндіріс факторларын шығындарын үнемдеуге алып келеді, бұл жаман емес. Милитаризация шығынына, егер объективті себептері жоқ болса, онда нольдік өсу пайдалы.

Теріс қарқын – ұлттық экономикалық дағдарысты куәландырады. Бұл 60-90 жж. Одақты бейнелейді. Қазақстан экономикалық дағдарысы әр түрлі себептер жиынтығымен түсіндіріледі: рационалды емес экономика құрылымының үлкен үлес салмағы өндіріс құралы және әскери өнім, төмен қор қайтарымдылығы, бұрынғы КСРО республикааралық шаруашылық байланысының бүлінуі, нарықтық экономикаға өту кезеңіндегі қиыншылықтар.

Қолайлы қарқын жоғары да, төмен де болмайды, олар макроэкономикалық теңдікті қамту керек. Экономикалық өсу көптеген факторлармен анықталады: соның ішінде маңызды болып ұсыныс, сұраныс, бөлу факторлары.

Ұсыныс факторларына мыналар жатады:

- Табиғи ресурстың саны мен сапасы (жер, пайдалы қазбалар, климат т.б): қаншалықты табиғи жағдайы жақсы болса, соншалықты елде экономикалық өсуге мүмкіндік бар.
- Халықтың еңбекке жарамдылығының саны мен сапасы.
- Негізгі капиталдың болуы.
- Өндіріс өніміне қолданылатын технология деңгейі.

Сұраныс факторына жатады:

- Қоғамның тұтас сұранысын өндірілген өнімге көтерілуі және сонымен бірге оның өсуін ынталандыру.
- Еңбекақы қаншалықты жоғары болса, соншалықты сұраныс жоғары.
- Мемлекеттің фискальды саясаты - қаншалықты салық жоғары болса, соншалықты еңбек ақы төмен, сондықтан экономикалық өсу және сұраныс төмен.
- Халықтың қор жинау бейімділігі де нақты сұранысты төмендетеді, демек экономикалық өсу де төмендейді.

Өнімнің өсуіне (экономикалық өсу) ресурстарды бөлу өте жақсы ұйымдастырылған түрде болу керек. Экономикалық өсуге ықпал ететін сұраныс және ұсыныс факторлары өзара байланысты екендігін айта кету қажет. Мысалы, жұмыссыздық әдетте капиталдың қорлану қарқынын, сондай-ақ зерттеулерге кететін шығындар өнімін бәсеңдетеді және керісінше, жаңалықтарды енгізу мен капитал салымдарының төменгі қарқыны жұмыссыздықтың басты себебі болуы мүмкін. Барлық осы факторлардың өзара әрекетін өндірістік мүмкіндіктер қисығын береді. Бұл қисық аталған технологиялық потенциал негізінде негізгі капитал мен табиғи, еңбек ресурстарының аталған саны мен сапасы жағдайында өндіріле алатын әртүрлі өнім варианттарының максимальды санын көрсетеді.

Экономикалық өсудің көрсеткіштік өлшемдері ЖҰӨ және ЖІӨ болып табылады. Халықаралық деңгейде салыстыру үшін ЖҰӨ мен ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы көрсеткіштері пайдаланылады. Қазақстан - 2030 стратегиясында көрсетілгендей, еліміздің гүлденуін қамтамасыз етуде ұзақ мерзімдегі басымдықтардың арасында жоғары деңгейдегі шетел инвестициялары мен ішкі жиналған ақшасы бар ашық экономикаға негізделген экономикалық өсу ерекше маңызды болып табылады.

«Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында ел басшысы еліміздің «Қазақстан - 2030» Стратегиясын орындай отырып, алғашқы онжылдықта жеткен жетістіктерімізге шолу жасап, оның келесі онжылдығында орындалатын бағдарламаға тоқталды:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		
044-60/11- 57 беттің 50 беті		

«2000 жылмен салыстырғанда 2008 жылы-ақ жоспарланғанынан екі жыл бұрын, біз республика ЖІӨ-сінің көлемін екі еселедік және мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін тиімді орындадық.

Орташа айлық жалақы 5 есеге, ал зейнетақының мөлшері 3 есеге өсті.

Өмір сүрудің ең төменгі деңгейінен аз табысы бар халықтың үлесі 4 есеге (50%-дан 12%-ға дейін) азайды.

2009 жылы экономиканың артуы 1,1%-ды, өнеркәсіпте 1,7%-ды құрады. Біз оң өсу қарқыны бар елдердің «серіппелі тобына» жаттық.

Ұлттық қордың жалпы халықаралық резервтері мен активтері бүгінгі өзінде 50 миллиард доллардан асып түсіп, соңғы он жылда 25 еседен астамға өсті.

Жұмыссыздық деңгейі 6,3-ды құрады, ал бұл дағдарысқа дейінгі уақыттағыдан төмен.

Тиімді іске асырылған Жұмыспен қамту стратегиясының арқасында елде 400 мыңнан астам жұмыс орындары ашылды.»

Нарықтық экономикаға тұрақсыздық, көтерілу және құлдырау қасиеттері тән, ол экономикалық кезеңді қалыптастырады және экономикалық кезеңді анықтайды. Өндірісті шексіз дамыту мен нарықты жаулап алу артық тауар өндірісіне әкеліп соқтырады. Артық өндіру бұл ұсыныстың сұраныстан көп болуы. Артық өндірудің себептерін зерттей келе экономистер сұраныстың өсуі мен азаюы, өндіріс көлемінің өсуі мен азаюын мезгілдігіне көңіл аударады. Циклдық ауытқу бұл экономиканың тепе-теңдік жағдайынан ауытқуы.

Экономикалық цикл – бұл бір экономикалық дағдарыстың басынан екіншісінің басталуына дейінгі кезең, ол экономикада кезең – кезеңмен қайталанатын өрлеу және құлдыраумен сипатталады.

Цикл төрт фазадан тұрады: құлдырау, тоқырау, жандану, өрлеу. Ең бастапқы фазасы – **құлдырау**. Бұл жағдайда экономикалық өсудің деңгейі мен қарқынының төмендеуі жүреді, одан әрі өнім шығару тоқтайды. Мұндай құбылыс тауардың артық өндірісімен байланысты. Бұл уақытта сатылмаған өнімдердің қорлары бірден ұлғаяды. Артық тауарларды сата алмайтын өнеркәсіп және сауда кәсіпорындарының жаппай банкроттығы жүреді. Өндірістің тоқтауынан жұмыссыздық өседі, жалақы қысқарады. Қоғамда несиелік байланыстар мен бағалы қағаздар нарығы бұзылып, акция бағасы құлдырайды. Барлық кәсіпкерлер қарыздарды өтеу үшін ақшаға деген қажеттілікті қатаң сезінеді. Сондықтан банкілік сауда пайызының нормасы өседі.

Құлдыраудан кейінгі фаза - **тоқырау**. Бұл уақытта өндірістің құлдырауы, ал онымен бірге бағаның төмендеуі тоқтайды. Бірте –бірте тауар запастары азаяды. Аз ғана сұраныс салдарынан еркін ақша капиталының массасы ұлғаяды, ал банкілік пайыз ставкасы төмендейді. Тоқырау кезеңінде тауарлар ұсынысы сұраныстан оза алмайды, сондықтан олардың арасында тепе -теңдік қалыптасады. Сол уақытта дағдарыстан шығудың табиғи жағдайлары қалыптасады. Өндіріс құралдарына бағаның төмендеуі және несиенің арзандауы капиталдың қорлануын жаңа техникалық негізде кеңейтілген ұдайы өндірістің қалпына келуін қамтамасыз етеді.

Келесі фаза - **жандану** –дағдарыс алдындағы деңгейге дейін өндірістің кеңеюін білдіреді. Тауар запастарының мөлшері нарықты үздіксіз қамтамасыз ету үшін қажетті деңгейде белгіленеді. Тұтынушылық сұраныстың жандануымен туған бағаның аз ғана өсуі байқалады. Жұмыссыздық мөлшері қысқарады. Ақша капиталына сұраныс өседі және процент ставкасы ұлғаяды. Келесі фаза - **өрлеу**. Бұл кезеңде өнім шығару көлемі дағдарыс алдындағы деңгейден асып түседі. Осымен байланысты жұмыссыздық қысқарады. Сұраныстың кеңеюімен тауарларға баға өседі. Өндірістің табыстылығы артады. Несие құралдарына сұраныс ұлғаяды және сәйкесінше банк пайызының нормасы өседі.

Өндірістің циклдық дамуының себептері неде?

Артық өндіру дағдарысы тұтынушылық сұраныс пен тауарлар ұсынысы арасындағы арақатынастың бұзылу нәтижесінде пайда болады. Экономикалық теорияда циклдың себептері әртүрлі түсіндіріледі.

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 51 беті

4. Иллюстрациялық материалдар: презентация, кесте

5. Әдебиет:

Негізгі:

1. Таскымбаева, С. М. Основы экономической теории [Текст] : учеб. пособие / С. М. Таскымбаева, Ф. М. Каратаева. - Караганда : АҚНҰР, 2017. - 200 с
2. Куратко Д. Ф. Предпринимательство: теория, процесс, практика = Entrepreneurship theory, process, practice: учебник / Д. Ф. Куратко. - 10-е изд. - [б. м.]: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 514 стр.: (Рухани жаңғыру)

Қосымша:

1. Блак Джон Оксфорд экономика сөздігі = A dictionary of economics / сөздік; Н. Хашимзаде, М. Гарет. - 5th ed. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 608 бет.
2. Шағын бизнестегі менеджмент: кәсіп бастау және венчурді дамыту = Small Business Management: Launching & Growing Entrepreneurial Ventures : оқулық / Г. Лонгенекер [және т.б.] ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Қуанышбекова. - 18-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 704 б.
3. Паркин, М. Микроэкономика [Мәтін] = Microeconomics : оқулық / М. Паркин ; ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Т. Керімбек. - 13-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 548 б. С
4. Паркин, М. Макроэкономика [Мәтін] = Macroeconomics : оқулық / М. Паркин ; ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Ү. Кеңесбаева. - 13-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 464 б.

Электрондық ресурстар:

3. Денсаулық сақтаудағы экономика және маркетинг. Төлебаев Ж.С., Сыздықова К.Ш., Мауенова А.А., 2019. Aknurpress <https://aknurpress.kz/login>
 4. Макроэкономика. Есиркепова А.М., 2017. Aknurpress <https://aknurpress.kz/login>
Н.К. Казманов. РМЭБ <http://rmebrk.kz/>
- Құқық және экономика негіздерін оқыту әдістемесі : "Құқық және экономика негіздері" мамандығының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік кешен. / Құраст. Н.К. Казманов. - Ақтөбе: С. Бәйішев атындағы АУ-нің оқу-әдістемелік бөлімі, 2016. - 132 б

6. Бақылау сұрақтары: (кері байланыс Feedback)

1. Ұлттық экономиканың құрылымын атаңыз.
2. Ұлттық экономиканың мақсаттарын атаңыз.
3. ЖҰӨ - ді есептеудің әдістері қандай?
4. Экономикалық өсудің қандай типтерін білесіз?
5. Экономикалық өсудің қандай факторлары бар?
6. Экономикалық циклдың қандай фазалары бар?
7. Қазақстанның дағдарысқа қарсы саясатының бағыттарын атаңыз.

№9 дәріс.

1. Тақырыбы. Кіріспе. Заманауи өркениеттің экологиясы мен мәселелері

2. Мақсаты: білім алушыларды экологияның іргелі негіздерімен, қазіргі өркениеттің мәселелерімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

Экологияны ғылым ретінде анықтау. Экологияның мақсаты, міндеттері және әдістері. Экологияның даму тарихы, оның дамуының негізгі 3 кезеңі. Экологияның басқа

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 52 беті

ғылымдармен байланысы. Экологияның басқа ғылымдармен жүйесінде рөлі мен орыны. Қазіргі заманғы экологияның негізгі бөлімдері мен құрылымдары. Экологиялық білім мен мәдениеттің қалыптасуы. Қазіргі заманғы жергілікті, аймақтық және жаһандық экологиялық мәселелері. «Тұрақты даму» түсінігін анықтау және тұрақты даму концепциясын жүзеге асыруда экологияның рөлі.

Адамзат қоғамының табиғатпен қарым – қатынасы қазіргі заманның ең маңызды мәселелерінің біріне айналды. Адам жерде пайда болған кезден бастап оның биосфераға тигізетін әсері үнемі үдеп отырды. Бірақ тек индустриалдық қоғам және демографиялық жарылыс жағдайында ғана адам әрекетінің жағымсыз зардаптары ғаламдық сипатқа ие болды. Қоршаған орта бұған дейін ешқашан байқалмаған қарқынмен ластанып жатыр. Энергетикалық және минералдық ресурстардың сарқылу үдерісі байқала бастады. Антропогендік әрекеттің сан алуан түрлері жануарлар мен өсімдіктердің көптеген түрлерінің тікелей немесе жанама түрде жойылуына әкеліп соқты. Табиғи ортаның химиялық ластануы, радиациялық жағдай, азық – түлік пен ауыз судың сапасының нашарлауы және т.б. халықтың денсаулығының нашарлауына әкеліп соқты. Бірқатар ғаламдық экологиялық мәселелер пайда болды: жылулық эффекті, озон қабатының жұқаруы, әлемдік мұхиттың ластануы, шөлдену және т.б. Экономиканың экстенсивті дамуына байланысты экологиялық жағдай Қазақстанда да күрт нашарлады: Арал экожүйесінің бұзылуы, Каспий маңында және Шығыс Қазақстандағы қолайсыз экологиялық жағдай; Семей сынақ алаңына іргелес жатқан территориялар, топырақтың құнарсыздануы және т.с.

Бірақ, қазіргі кезде антропогендік өзгерістер планетаның барлық дерлік экожүйелерінен байқалады, атмосфераның газдық құрамы, жердің энергетикалық тепе-теңдігі өзгерді. Бұл адамның әрекеті табиғатпен қарама – қайшылыққа түсіп, “биосфера -адамзат” жүйесі барған сайын тепе – теңдік күйден ауытқып бара жатыр деген сөз, нәтижесінде әлемнің көптеген аймақтарында табиғаттың динамикалық тепе-теңдігі бұзылды. Мәселені табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіру нәтижесінде шешуге болар еді, бірақ бұл өте күрделі, әлемде теңдесі жоқ қиын мәселе, ол 1992 жылы Рио-де-Жанейрода күн тәртібіне қойылып, сонда Тұрақты даму тұжырымдамасына қол қойылып, бекітілді. Ғаламдық “қоғам – табиғат” жүйесіндегі тұрақты даму – әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік-экологиялық жүйелерде динамикалық тепе-теңдікті сақтау болып табылады. Адамзат осыны неғұрлым ертерек түсініп осы жолға түссе, оның Жер бетінде тірі қалу мүмкіншілігіде соғұрлым жоғары болмақ. Бұл жолда мазмұны мен болмысы әрбір жеке тұлғаның экологиялық дүниетанымын қалыптастыру болып табылатын экологиялық сауаттылық шешуші рөлге ие болады және оның негізін “Экология және тұрақты даму” пәні құрайды. Пәннің мақсаты студенттерде қоршаған ортаға және өз денсаулығына ұқыптылықпен қарау сезімін қалыптастыру. Мұндай көзқарас болашақ жоғары білімді мамандардың экологиялық тұрғыдан сауатты шешімдер қабылдап, сол арқылы биосфераның тұрақты дамуына көмектесуіне септігін тигізеді.

Пәннің мақсаты: табиғаттың және қоғамның тұрақты дамуының негізгі заңдылықтары туралы біртұтас түсінік қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны:

Экологияның ғылым саласы ретіндегі анықтамасы. Экологияның мақсаты, міндеттері және зерттеу әдістері. Экологиялық білімдердің қалыптасуы мен дамуының қысқаша тарихы. Экологияның бөлімдері: аутэкология, демэкология, синэкология, глобалдық экология. Экологияның

өзге ғылым салаларымен өзара байланыстылығы. Экологияның практикалық міндеттерді шешудегі рөлі. Экологиялық проблемалар, олардың осы заманғы экономикалық және саяси

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 53 беті

үрдістердегі алатын орны мен рөлі. “Тұрақты даму” ұғымына анықтама және тұрақты даму тұжырымдамасын іске асырудағы экологияның рөлі.

4. Иллюстрациялы материалдар: слайдтар

5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Бекішев Қ.Б. Асанов Қ.Д. Экологияның рухани өрісі.-Эверо.2014
2. Mukatayeva, Zh. S. Chemical ecology: textbook / Zh. S. Mukatayeva. - Almaty : [s. n.], 2016. - 308 р.
3. Бейсенова, Р. Р. Экология және тұрақты даму: оқулық. - Алматы : Эверо, 2014. - 160 бет
4. Оспанова, Г. С. Экология: сұрақтар мен жауаптар оқу құралы - Алматы : Эверо, 2014. - 208 бет
5. Асқарова, Ұ. Б. Экология және тұрақты даму. I-бөлім: оқулық. - Астана : Б. ж., 2013
6. Асқарова Ұ. Б. Экология және тұрақты даму. II-бөлім: оқулық. - Астана : Б. ж., 2013
7. Бигалиев, А. Б. Биоэкология: оқулық " - Алматы : Эверо, 2013.
8. Атикеева С.Н. Экология и устойчивое развитие. Учебное пособие. "Sky Systems"2021
9. Архангельский, В. И. Гигиена и экология человека: М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013
10. Нуржуманова Ж.М. Ашакаева Р. У. Нурмухамбетова А.Н. Әлеуметтік экология және тұрақты даму: оқу құралы. "Sky Systems"2019
11. Бекішев Қ.Б. Асанов Қ.Д. Экологияның рухани өрісі.-Эверо.2014
12. Бейсенова, Р. Р. Экология және тұрақты даму: оқулық. - Алматы : Эверо, 2014. - 160 бет
13. Оспанова, Г. С. Экология: сұрақтар мен жауаптар оқу құралы - Алматы : Эверо, 2014. - 208 бет

Қосымша:

1. Нұрсейітов, Ш. Ш. Әлеуметтік экология және тұрақты даму] : қысқаша дәрістік курс. - Алматы : Эверо, 2014. - 80 бет
2. Нурсейітов Ш.Ш. Қоршаған орта туралы ілім: қысқаша дәрістік курс-Эверо, 2014

6. Бақылау сұрақтары: (Feedback кері байланысы).

1. Экология және тұрақты даму пәнінің мақсаты?
2. Ғаламдық экологиялық мәселелерді атаңыздар?
3. “Тұрақты даму” ұғымына анықтама беріңіздер?

№10 дәріс.

1. Тақырыбы. Биосфераның құрылысы. Биосферадағы биогеохимиялық үрдістер.

2. Мақсаты: Тірі ағзалардың, биосфераның қызмет атқаруының негізгі заңдылықтарын және олардың тұрақтылығын, биосфера компоненттерінің өзара әсерлесу заңдылықтары туралы және биосферадағы биогенді элементтер айналымымен таныстыру.

3. Дәріс тезистері:

Биологиялық ұйымдастыру, биогенді элементтер, биосфера ресурстарының негіздері. Биосфера және оның тұрақтылығы. Биосфера құрылымы. Биосфера, атмосфера, гидросфера және литосфера коэволюциясы. Биосфера эволюциясы, негізгі тенденциялар. Биосфера эволюциясының биоталық және биотаға дейінгі фазалары. Жер туралы ғылымдардың даму кезеңдерінде «Биосфера туралы ілім» орны. В.И. Вернадскийдің биосфера және ноосфера туралы ілімі.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ			SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы			044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»			57 беттің 54 беті

Биосфера термині тіршілік деген мағынамен ғылымға 1875 жылдың аяғында атақты австрия геологы Э.Зюсс (1831-1914) ұсынады. Барлық ағзалар оларды қоршаған материалдық – энергетикалық ортамен, ең алдымен қоректену мен тыныс алу арқылы, үздіксіз және тығыз байланыста болады.

Жердің табиғи ресурстарына сипаттама:

Атмосфера- біздің планетамыздың ғарыш кеңістігімен шектесіп жатқан аралығы. Атмосфера арқылы Жер мен ғарыш зат алмасады.

Атмосфера бірнеше қабаттан тұрады: тропосфера жерге жақын төменгі қабат (9-17 км), Стратосфера сулы пар және 80% жуық газдық құрамынан тұрады, ионосфера тірі зат болмайды. Атмосфераның ең төменгі қабаты адамдар үшін маңызды, осы жерде қатты, сұйық, газ түріндегі заттар кездеседі.

Атмосфераның төменгі қабаты аралас газдық құрамнан тұрады

Атмосфера құрамы

	Газ	Ауадағы құрғақ құрамы, %
N	Азот	78,08
O	Кислород	20,95
Ar	Аргон	0,93
CO	Углекислый газ	0,03
Ne	Неон	0,0018
He	Гелий	0,0005
Kr	Криптон	0,0001
H	Водород	0,00005
X	Ксенон	0,000009

Литосфера -Жер қабығының қатты қабатын, минералдар жиынтығы, тау жыныстары, органикалық қалдықтар мен метаморфтық тау жыныстарын құрайды. Литосфераның беріктілігі 50-200 км, жерқыртысы континентте 75км дейін және теңіз түбінде 10км.

Гидросфера- жердің су қабаты – жер шарының 2/3 бөлігін алып жатыр. Су әлемінде алғашқы тіршілік нышаны байқалғаннан бері –гидросфера қабығы планетаның бүкіл тыныс-тіршілігін реттеуде негізгі роль атқарып келеді. Барлық заттар суда еріген күйінде 10 -50% дейін болады. Оның үлкен және кіші айналымдары арқылы зат алмасу процесі тұрақты жүреді. Гидросфера құрамында кездесетін химиялық элементтер: Na⁺, Mg⁺, Ca⁺, S, C, Cl. Биосферадағы тіршілік процестерін зерттей келе химиялық элементтердің бір тобын «тірі заттар» деп атады. Олар биофильді заттар деп аталатын сутегі, көміртегі, оттегі, азот, фосфор және күкірт элементтері еді.

«Ноосфера» терминін алғаш рет қолданғандар философ, математик, полеонтолог және антрополог Эдуард Леруа және полеонтолог Пьер Тейяр Шарден (1927ж) болды. Ноосфера ғылымымен француз ғалымдары адамның санасы пайда болған кездегі табиғаттың эволюциялық сатысын атады. П.Тейяр Шарден өзінің «Адам феномені» деген еңбегінде ноосфераны «жаңа қабат», «ойлайтын қабат» деп анықтады. Биосферадағы биогеохимиялық үрдістер. және олардың антропогенді өзгерісі. Макро және микроэлементтердің айналымы.Су айналымы. Биосферадағы энергия ағыны. Энергетикалық алмасу.Дәстүрлі және дәстүрлі емес энергия көздері.Адамның энергия өндіруі биосферадағы үрдіс ретінде.Дәстүрлі энергия

ONTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 55 беті

көздерін пайдаланудың экологиялық салдары. Жанғыш қазбаларды, гидроэнергияны, ядролық энергияны пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мәселелері.

Көміртегінің айналымы. Фотосинтез үшін көміртегінің көзі атмосферадағы немесе суда еріген көмірқышқыл газы болып табылады. Өсімдіктер түзген органикалық заттың құрамында көміртегі қоректену тізбегі бойынша тірі не өлі өсімдік ұлпалары арқылы өтіп, тыныс алу, ашу немесе отынның жануы нәтижесінде көмірқышқыл газы түрінде атмосфераға қайтады. Көміртегі циклының ұзақтығы үш төрт жүз жылдыққа тең.

Азот айналымы. Өсімдіктер азоты ыдыраған өлі органикалық заттан алады. Бактериялар ақуыздардың азотын өсімдіктер сіңіре алатын түрге өткізеді. Атмосферадағы бос азотты өсімдіктер тікелей сіңіре алмайды. Бактериялар мен көк жасыл балдырлар атмосфералық азоты байланыстырып, топыраққа өткізеді. Көптеген өсімдіктер олардың тамырларында түйнектер түзетін азот – фиксациялаушы бактериялармен симбиоз түзеді. Өлген өсімдіктерде немесе жануарлардың өлекселерінен бактериялардың басқа топтарының іс - әрекеті нәтижесінде бос түрге өтеді де қайтадан атмосфераға қайтады.

Фосфор мен күкірттің зат айналымы. Фосфор мен күкірт тау жыныстарында болады. Тау жыныстарының бұзылуы мен эрозиясының әсерінен топыраққа өтеді де, оларды өсімдіктер пайдаланады. Редусент ағзалардың тіршілік қызметі нәтижесінде олар қайтадан топыраққа қайтады. Азот пен фосфор қосылыстарының бір бөлігі жауын сулары өзендері, одан теңіз бен мұхитқа қарай шайып, оны балдырлар қолданады. Ең соңында өлі органикалық құрамында олар су түбіне шөгіп, қайтадан тау жыныстарына кіреді.

Оттегінің циклы. Жердегі оттегінің циклы шамамен 2000 жылда, судың шамамен 2 млн. Жылда жүріп өтеді. Бұл заттың атомдары жер шарында әртүрлі заттар арқылы өтеді.

Биосфера ұзақ даму кезеңін басынан өткізді. Ол процесс тіршілік формасын өзгертіп, судан құрлыққа шығып, зат айналымының жүйесін өзгертті. Атмосферадағы оттегінің мөлшері біртіндеп артты. Соңғы 600 млн жылда зат айналымдардың жылдамдығы мен сипаты қазіргі кездегі деңгейіне жақындады. Биосфера үлкен, үйлесімді экожүйе ретінде жұмыс істейді. Ондағы ағзалар тек қоршаған ортаға бейімделіп қана қоймай, өздері де тіршілікке қолайлы жағдайлады жасайды.

В.И.Вернадскийдің анықтамасы бойынша, биосфера заттегі келесі заттектерден тұрады:

- тірі заттек-қазіргі заманғы тірі организмдердің биомассасы ;
- тіршілік (биогенді) заттек-детриттің барлық формалары, сондай-ақ биогенді табиғаты бар торф, мұнай және газ ;
- биологиялық енжер заттек-биогенді заттектердің минералды жыныстармен қоспалары (топырақ, саз, батпақ, табиғи сулар, наз және мұнай бар сланецтер, битуминозды құм, тұнба карбонаттарының бөлігі);
- өлі (енжар) заттек-организмдердің тікелей биогеохимиялық әсеріне ұшырамаған тау жыныстары, минералдар, тұнбалар;

В.И.Вернадскийдің пайымдауынша биология ғылымы зерттейтін тірі организмдерден тірі заттектің ерекшелігі-биогеохимиялық фактор ретінде элементарлық химиялық құрамымен, массасымен және энергетикасымен сипатталады. Ол күн энергиясын тасымалдайды және бейорганикалық материяны үздіксіз айналымға әкеліп түсіреді. Тірі заттек арқылы бірнеше рет түгелге жуық химиялық элементтердің атомдары өткен. Қорыта келгенде, тірі заттекке біздің планета атмосферасының, гидросферасының, тоапрағының, көптеген шөгінді жыныстарының құрамы тікелей тәуелді.

Планетамыздағы тірі заттектің негізгі бес функциясы бар:

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		044-60/11- 57 беттің 56 беті

энергетикалық функция

газ функциясы

концентрациялық функция

тотыу-тотықсыздану функциясы

деструкциялық функция

Экосфераның жоғарғы шекарасы құрлықта өсімдіктер жамылғысы үстінен немесе мұхиттың үстінен бірнеше метр биіктікте (< 30 м) орналасқан, төменгісі-грунт суларының горизонты бойынша немесе қазғыш жануарлар мен өсімдіктер тамырларының максималды тереңдігі бойынша өтеді. Ол мұхитта күн сәулелерінің тереңдікке ену қабатымен, фотосинтез іске асу үшін жеткілікті қабатта (100 м-ден көп емес) немесе су түбіндегі шөгінділердің биологиялық активтілігінің сақталу тереңдігімен шектелген. Бұл шектерден тысқары, тірі организмдердің өте аз бөлігі ғана жатыр, бірақ олардың тіршілік ету өнімдері өте үлкен массивтерді алып жатыр-атмосферада (газдар, су булары), гидросферада (жүзгін және еріген органикалық заттар).

4. Иллюстрациялы материалдар: слайдтар

Негізгі:

1. Бекішев Қ.Б. Асанов Қ.Д. Экологияның рухани өрісі. - Эверо. 2014
2. Mukatayeva, Zh. S. Chemical ecology: textbook / Zh. S. Mukatayeva. - Almaty : [s. n.], 2016. - 308 р.
3. Бейсенова, Р. Р. Экология және тұрақты даму: оқулық. - Алматы : Эверо, 2014. - 160 бет
4. Оспанова, Г. С. Экология: сұрақтар мен жауаптар оқу құралы - Алматы : Эверо, 2014. - 208 бет
5. Асқарова, Ұ. Б. Экология және тұрақты даму. I-бөлім: оқулық. - Астана : Б. ж., 2013
6. Асқарова Ұ. Б. Экология және тұрақты даму. II-бөлім: оқулық. - Астана : Б. ж., 2013
7. Бигалиев, А. Б. Биоэкология: оқулық " - Алматы : Эверо, 2013.
8. Атикеева С.Н. Экология и устойчивое развитие. Учебное пособие. "Sky Systems" 2021
9. Архангельский, В. И. Гигиена и экология человека: М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013
10. Нуржуманова Ж.М. Ашакаева Р. У. Нурмухамбетова А.Н. Әлеуметтік экология және тұрақты даму: оқу құралы. "Sky Systems" 2019
11. Бекішев Қ.Б. Асанов Қ.Д. Экологияның рухани өрісі. - Эверо. 2014
12. Бейсенова, Р. Р. Экология және тұрақты даму: оқулық. - Алматы : Эверо, 2014. - 160 бет
13. Оспанова, Г. С. Экология: сұрақтар мен жауаптар оқу құралы - Алматы : Эверо, 2014. - 208 бет

Қосымша:

1. Нұрсейітов, Ш. Ш. Әлеуметтік экология және тұрақты даму] : қысқаша дәрістік курс. - Алматы : Эверо, 2014. - 80 бет
2. Нурсейітов Ш.Ш. Қоршаған орта туралы ілім: қысқаша дәрістік курс-Эверо, 2014

6. Бақылау сұрақтары: (Feedback кері байланысы).

1. «Биосфера» терминін кім және қай жылы ұсынды?
2. Атмосфера дегеніміз не? Атмосфераның қанша қабаты бар?
3. «Ноосфера» терминін кім және қай жылы ұсынды?
4. Биосферадағы үлкен айналым (геологиялық) қалай жүреді?
5. Оттегі айналымы қалай жүреді?
6. Фосфор айналымы қалай жүреді?
7. Күкірт айналымы қалай жүреді?

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044-60/11-
Дәріс кешені «Құқықтық, экономикалық, экологиялық және ғылыми білімдер»		57 беттің 57 беті